


*Джойс Майер*

Жаралы  
жүректерді  
сауықтыру



Құдайдың Сөзінде  
құдіретті күш бар, ол жан  
дүниемізді жаңартады

*Джойс Майер*

## **Жаралы жүректерді сауықтыру !**

Құдайдың Сөзінде құдіретті күш бар, ол жан дүниемізді жаңартады

*Қымбатты досым!*

Сізге Джойс Майердің «Жаралы жүректерді сауықтыру» атты кітабын жіберіп отырмыз.

Құдайдың Сізді жақсы көретіні, Сіздің қамыңызды ойлайтыны туралы, Сізге көптеген кереметтерді дайындап қойғаны туралы нәрсеге сіз сене аласыз ба? Мүмкін Сізді ренжіткен немесе қабылдамаған болар, мүмкін Сіз өзіңізді Құдайдың сүйіспеншілігіне лайықты емеспін деп ойлайтын боларсыз.

Бұл кітап Сізге Құдайдың сүйіспеншілігін сезуге, болашаққа деген сенімге ие болуға, қорқынышты жеңуге көмектеседі.

Құдайдың Сөзі – тірі, ол сіздің өміріңізге әсер етіп, жан-дүниенізді рухани молшылыққа кенелтіп, өміріңізді мән-мағыналы етуге әрқашан да дайын. Құдай Сіздің жаралы жүрегіңізді сауықтырып, жақсылыққа үміт сыйлағысы келеді.

**Назар аударыңыз:** авторлық құқық туралы заңды сақтаңыздар. Бұл кітаптың барлық құқы халықаралық деңгейде авторлық құқық туралы заңмен бекітілген. Кітаптың мазмұнының және / немесе мұқабасының көшірмесін, толықтай немесе жарым-жартылай кез-келген түрде автордың жазбаша рұқсатынсыз жасауға болмайды.

*Бұл кітап игілігіңізге жарасын!*

## Мазмұны

*Кіріспе: Құдайдың Сөзінде құдіретті күш бар*

- 1 Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі қаншалықты зор?
- 2 Болашаққа сенімділік
- 3 Сіз ақталғандығыңызды жете түсініңіз
- 4 Қорқынышты жеңу

*Қорытынды: Табанды болыңыз*

Киелі Жазбадағы Құдайдың Сөздерін мойындауға арналған аяттар

*Кіріспе: Құдайдың Сөзінің әсері*

1. Құдайдың сүйіспеншілігі
2. Сіздің болашағыңыз
3. Мәсікке деген сенім арқылы сіз ақталдыңыз
4. Қорқынышты жеңу

*Қорытынды: Сенімді берік ұстаныңыз*

## Кіріспе

### Құдайдың Сөзінде құдіретті күш бар

*«Ол Сөзін арнап, оларды сауықтырды, жандарын ажалдан аман алып қалды»*

Забурдың 106:20

Құдайдың Сөзі сауықтырады және бостандыққа шығарады. Құдайдың Сөзі бізді және біздің өмірімізді өзгертеді. Сіз барлық іс-әрекетіңізде өркендеп табысты бола аласыз. Бұның жолы - Құдайдың Сөзі туралы ойлану болып табылады. Құдайдың Сөзі туралы ойлану дегеніміз Құдайдың Сөзін ой-санамызда үнемі қайталау, оған ой жүгірту, оны өзімізге өзіміз үздіксіз айту: *«Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін ұстанып, орындай алуың үшін оларды аузыңнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын бол! Сонда ғана өркендеп табысты боласың» (Ешуа 1:8).*

Құдай бізді сүйеді, Ол біздің әрқайсымызға көптеген керемет нәрселерді дайындап қойды. Ефестіктерге арналған хаттың 1-ші тарауында Пауыл Құдайдың бізді Иса Мәсіх арқылы құтқарылу жоспарын бір ғана себеппен, яғни Өзінің бізге деген зор сүйіспеншілігін дәлелдеу үшін жасағанын айтады. Құдай сізді өте қатты сүйеді және сіз үшін, сіздің өміріңіз үшін ізгі ниетін ашып берді.

Шайтан Құдайдың сіз туралы ой-ниетін сізге жеткізбей кедергі жасағысы келеді. Шайтан сізді өмір бойы өзіңізді түкке тұрғысыз адам ретінде сезінсе екен деп сендіруге тырысты, себебі шайтан Құдайдың сізге деген зор сүйіспеншілігіне сіздің сенгеніңізді қаламайды. Егер де сіз Құдайдың Сөзін қайта-қайта еститін болсаңыз, Құдайдың Сөзімен ой-санаңызды толтыратын болсаңыз, Құдайдың Сөзі сізді өзгертетінін, сіздің жан дүниеніңіздің бір бөлігіне айналатынын шайтан біледі, сондықтан ол сіздің өзгергеніңізді қаламайды.

Мен осы кітапты Құдайдың Сөзі сіздің өміріңіздің бір бөлігіне айналуына көмектесу мақсатымен жаздым. Бұл кітаптағы Киелі жазбаның аяттары сіздің өзіңіз туралы түсінігіңізді өзгертеді, сондай-ақ қазіргі және болашақ өміріңізді өзгертеді.

Құдай сізді Өзіне ұқсас етіп жаратты (Жаратылыс баст. 1:27). Егер де Құдайдың сіз туралы не айтқанына сенетін болсаңыз, сіздің өзіңізге деген көзқарасыңыз және өзіңіз туралы пікіріңіз өзгереді. Құдайдың сіз туралы айтқан ой-ниеті мен пікірлерін Киелі жазбадағы Құдайдың Сөздерінен табасыз. Осы кітаптағы өзіңізге қатысты айтылған Құдайдың Сөздерін мойындауыңызға ақыл-кеңес беремін және сол аяттар Құдай сіз туралы қалай ойлап, не айтатын болса, сіз де өзіңіз туралы солай ойлап, солай айтуға көмектеседі.

Құдайдың Сөзі – шынайы Сөз – бізді азаттыққа жеткізеді және біздің өзімізге деген көзқарасымызды өзгертеді. Сондықтан Құдайдың Сөзі біздің бойымызға терең тамырлану үшін Құдайдың Сөзін оқып біліп, үйреніп, ой жүгірту керек. Сол кезде сізге нық сенім келіп, қуанышқа кенелесіз, жеңімпаз атанып, Құдайдың сенімді досы бола аласыз. Құдайдың Сөзі сіз туралы не айтады, соны жариялап айтыңыз. Қалайда мүмкіндігінше осылай істейтін болсаңыз, Құдай сізді және сіздің өміріңізді өзгерте бастайды. Жүрегі жаралы болып қорқып қалған адамнан сіз енді Құдайдың сенімді досына айналасыз, досы ретінде Құдай сізді жақсы көреді және сіз де Құдайды жақсы көресіз.

*«Маған Жаратушы Тәңір Ие Өзінің Рухын қондырды. Мені жарлыларға ізгі хабар жеткізіп, жаралы жүректерді жұбатып орнықтыруға тағайындап, сондай-ақ тұтқындарға (және рухани тұтқындарға да) босатылып, бұғаудағыларға азат болатындарын [рухани көздерінің ашылатынын] жар салуға жіберді. Мені Құдай Иеміз Өзінің кешірім беретін мейірімділік жылын, әрі жсауларынан кек алатын кезін жариялауға жұмсап, қайғырып жүргендердің бәрін жұбатуға да жіберді. Маған Сион қаласындағы жоқтап жүргендердің бастарына шашқан күл орнына әшекейлі тәж [диадема] кигізіп, жұпар иісмай жағып, қайғыларын қуанышпен алмастыруды тапсырды. Үміттері үзіліп, көңілдерін мұң шалғандар енді мадақтау әндерін шырқап, шаттыққа бөленетін болады. Сонда олар Жаратқан Иенің Өзі отырғызған мықты ағаштары деп аталады. Оның алдында ақталған, әділдік істеп, салтанатты ұлылығын паш ететін [ұлы, мықты, керемет] халқы болады» (Ишая 61:1-3).*

Жаратушы Құдай сіздің өміріңізді өзгертеді. Ол сізді жақсы көреді. Сіз Құдайдың алдында ерекше адамсыз.

Бұл кітаптан сіз Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі туралы және өз болашағыңызға сенімділік туралы, (егер де Иса Мәсіхке сенетін болсаңыз) Мәсіхке деген сенім арқылы ақталғандығыңызды қалай түсіну керектігін, Құдайдың сізге дайындаған керемет өмірінің бір бөлігі болып табылатын жарылқаудан сізді айырғысы келетін қорқынышты қалай жеңуді біле аласыз. Сіз Құдайдың Сөзін жариялаған кезде, Жаратушы Ие сізді молынан жарылқасын, себебі Құдайдың аузынан шыққан Сөзі нәтиже берместен

Оған қайта оралмайды, керісінше Құдайдың Сөзі Оның еркін толық орындап, сіздің өміріңізге көздеген мақсаттарын жүзеге асырады.

## 1

### Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі қаншалықты зор?

*«Ал осының бәрінде біз өзімізді шексіз сүйетін Иеміздің арқасында ұлы жеңіске жетеміз. Мен мынаған нық сенемін және күмәнданбаймын: өлім де, өмір де, періштелер де, жын-перілер де, бүгінгі күн де, болашақ та, табиғаттан тыс күштер де, не үстіміздегі, не астымыздағы ешқандай күш те, тіпті жаратылыстың басқа ешбір нәрсесі де бізді Құдайдың Иеміз Иса Мәсіх арқылы көрсетіп жүрген сүйіспеншілігінен айыра алмайды!» (Рим. 8:37-39).*

Иса сізді сондай қатты сүйеді, егер де сіз жер бетіндегі жалғыз адам болған күнде де, Ол жалғыз сіз үшін құрбан болар еді.

*«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен және өте жоғары бағалағандықтан, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім (Оған үміт артатын, берік сенетін) жаны тозаққа түспей (жоғалмай, жойылып кетпей), мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16).*

*«Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ [үрей жоқ]. Шынайы (толық) сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды және қорқыныштың ізін де қалдырмайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты. Қорқатын кісінде сүйіспеншілік мақсатына жеткен емес [шынайы сүйіспеншілік жоқ]» (1 Жохан 4:18).*

Егер де сіздің жүрегіңізде қорқыныш бар болса, Құдайдың сізді қаншалықты сүйетінін сіз әлі жете түсінбегенсіз. Алайда сіз Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігінің өте зор екенін түсінген кезде барлық қорқыныш жойылып кетеді. Иса былай деген: *«Өйткені Әкенің Өзі сендерді [аялап] сүйеді. Себебі сендер Мені сүйіп, Құдайдан келгеніме сенесіңдер» (Жохан 16:27).* Құдайдың сізді өте жоғары бағалайтынына сенуге қиналасыз ба?

Мен көптеген жылдар бойы Құдайдың сүйіспеншілігін қабылдай алмадым, себебі оған еңбек сіңіру керек деп ойладым. Ал қазір менің ешбір кемшілігіме қарамастан Құдайдың мені жақсы көретінін білемін.

Жохан жазған Ізгі хабардың 14:21 аятындағы Исаның Сөзі бізге былай деп ескертеді: *«Өсиеттерімді көңілдеріне сақтап, орындап жүргендер — [шынымен де] Мені сүйетіндер. [Шынымен де] Мені сүйетіндерді Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға [ашық білдіріп] жақынырақ таныстырамын [олар Мені анық көретін болады, Мен олар үшін нақты шындық боламын]».*

Ал егер де сіз Құдайдың сүйіспеншілігін қабылдасңыз, сіз Құдайды жақсы көре алмайсыз. Құдайдың сүйіспеншілігіне ие болу үшін оған еңбек сіңіріп лайықты болу мүмкін емес. Жақсы істермен немесе өнегелі мінез-құлықпен Құдайдың сүйіспеншілігін сатып ала алмайсыз. Құдайдың сүйіспеншілігі – бұл сый-тарту, Оның сүйікті баласы болу үшін ешқандай шартты орындау қажет емес. Иса бізді сүйіп, біз үшін өлімге бас тігіп, Өзін құрбан етті. Дәл қазір Құдайдың сүйіспеншілігін қабылдаңыз. Исаға: «Тәңір Ием,

Сен мені жақсы көретіңіз сенемін және Сенің сүйіспеншілігіңді қабылдаймын» деп айтыңыз.

*«Біз сүйеміз, себебі Ол бізді алдымен сүйді» (1 Жохан 4:19). Мүмкін сіз де мен сияқты бірнеше жылдар бойы Құдайдың ең алдымен бізді сүйгенін түсінбеген боларсыз. Мүмкін сіз Құдайды жақсы көруге тырысқан боларсыз, Оның сүйіспеншілігіне ие болу үшін бар ынта-жігеріңізді жұмсаған боларсыз. Олай болса 1 Жохан 4:19-шы аятты тағы да бір оқып шығыңыз. Дәуіт Құдайдың өзін жақсы көретініне сенімді болды, сондықтан ол былай дейді: «Уа, Құдай, Сенің өзгермейтін сенімді сүйіспеншілігің қандай қымбат, қанатыңның астында Саған үміт артып, паналар адамзат» (Забур 35:8).*

138 - Забур жырынан үзінділерді мысалға келтірейін. Дәуіт пайғамбардың Жаратушы Құдаймен қалай сөйлескені мүмкін сізге жақсы мысал болар. Осы Забурдың сөздерін қайталап айтыңыз:

*«Уа, Тәңірім, менің жүрегімді сынап тексердің, Сен мені толығынан танып білдің: отырғаным, тұрғаным да Саған аян, менің барлық ойларымды да танисың алыстан. Жүрейін не демалайын, көз алдыңдамын, жолдарымның барлығы да Саған айқын. Кез-келген уақытта менің қайда екенімді Сен білесің. Сөз шықпай тұрып-ақ менің аузымнан Оны толық білесің, уа, Жаратқан! Алды-артымнан жүресің мені қоршап, құдіретті қолыңды үстімде ұстап. Бұның барлығы сондай керемет, таңқаларлық ғажайып маған! Сенің Рухыңнан мен қайда қашипақпын? Көз алдыңнан қайда жасырынбақпын? Сен үнемі мен туралы ойлайсың, уа, Құдай, қанша көп олардың саны! Санап шықсам барлық ойларыңды, құм қиыршықтарынан көп болады! Таңертең оянган кезде әрдайым, Сен мені ойлайсың әлі де» (Забур 138:1-7, 17, 18).*

Ишая пайғамбар Жаратқан Иенің бізді Өзіне қайтып келіп, Оның рақымына ие болуымызды күтетінін айтады: *«Сондықтан Жаратқан Ие сендердің Өзіне қайтып келіп, рақымына (және мейірімділігіне) ие болуларыңды [қатты]сағына күтуде [және сәті келгенін күтуде]. Ол орнынан тұрып, сендерге мейірбандық көрсетуге, жоғары дәрежеге көтеруге және жандарыңды тыныштандыруға дайын. Өйткені Жаратқан Ие - әділ Құдай. Оған сенім артып Оның көмегін (Оның жеңісін, мейірімділігін, Оның сүйіспеншілігін, амандығы мен тыныштығын, Онымен керемет қарым-қатынасты) [шыдамдылықпен] күтетіндер және іздеп, қатты аңсайтындар қандай бақытты [оларға басқалар қызғана қарайтын болады]!» (Ишая 30:18).*

Құдай сізбен бірге жаныңызда болғысы келеді, себебі Ол сізді жақсы көреді және сіз Құдайға өте қымбатсыз. Жаратушы Ие сізді қатты жақсы көргені сондай, Ол шарасыздығыңызды ұмытпай ескеріп, көз жасыңыздың барлығын «ыдысына» жинап, олардың әрқайсысын Өзінің кітабына жазып қойған (Забур 55:9). Иса: *«Мен сендерді жетімсіретпей [жұбанышсыз, бақытсыз, жалғыз қалдырып, әлсіз күйде тастап кетпеймін], қайта ораламын»* дейді (Жохан 14:18). Дәуіт: *«Бас тартса да менен тіпті әке-шешем, қабылдайды [асырап алады] мені Жаратқан Ием»* дейді (Забур 26:10).

Мүмкін сізге адам баласының сүйіспеншілігі жетіспейтін болар, сол сүйіспеншілікті әр адам аңсап күтеді және іздейді; мүмкін сізден отбасыңыз теріс айналған болар. Алайда Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі өте зор, шексіз болғаны соншама, ол сіздің үзілген үмітіңіздің орын толтыра алады. Сізді жұтабуға, жаралы жүрегіңізді сауықтыруына Құдайға жол беріңіз. Сіз Исаға сену арқылы Жаратушы Иенің отбасының бір мүшесі болдыңыз. Сіз енді Құдайдың баласысыз, Құдай сізді қатты жақсы көреді. Ефестіктерге арналған хаттың 3:17-19 аяттарында Пауыл біздер үшін былай деп сиынған: *«Мәсіх сенімдерің арқылы [шынымен де] жүректеріңе орнығып (берік*

*тұрақтан), рухани өмірлерің Оның сүйіспеншілігіне тамыр жайып, негізделсін. Осылай сендер Мәсіхтің сүйіспеншілігінің қаншалықты кең де көз жеткісіз, терең және биік екенін Құдайдың бүкіл халқымен [осы сүйіспеншіліктің жемісі болып табылатын Құдайдың киелі халқымен] бірге түсіне алып, адам санасы жетпейтін осы сүйіспеншілікті [өз тәжірибелеріңде түсініп] танып білсеңдер екен. Сол арқылы Құдайдың рухани қасиеттері бойларыңа [бүкіл болмыстарыңа] толықтай дари берсін! [Құдайдың бүкіл болмысы бойларыңда болып, рухани игіліктерге толықтай ие болыңдар]».*

Құдай сізді жақсы көреді және қырағы күзетеді. Ол сізді үнемі көз алдында ұстайды. Ишая пайғамбардың кітабындағы 49:16 аятында сіздің есіміңіз Құдайдың алақанында ойып жазылғанын айтады.

Құдайдың сүйіспеншілігі қаншалықты зор? *«Адамның достарына көрсететін ең зор сүйіспеншілігі [жақсы көріп берілуі] — олар үшін өмірін құрбан етуі»* (Жохан 15:13). Иса сіздің ең жақын досыңыз болғысы келеді. Ол сіз үшін жанын қиып, Өзінің сізді қаншалықты сүйетінін көрсетті (Рим. 5:6).

Біз күнәкар болып жүрген кезімізде, Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін Мәсіхтің біз үшін өмірін құрбан етуі арқылы көрсетті. *«Тіпті әділ біреу үшін өмірін құрбан ететін ешкім жоқ іспетті. Тым болмағанда шынайы ізгі адам үшін (кең пейілді, жомарт, сый-құрметке лайықты адам үшін) бірен-саран кісі өмірін қиюға даяр болуы мүмкін. Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх (Құтқарушы, Құдай тағайындаған Патша) өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді (айқын көрсетті)»* (Рим. 5:7-8).

Досым менің, Құдай сізді қатты жақсы көреді! Құдайға жүрегіңізді кеңінен ашып, Оның сүйіспеншілігін қабылдаңыз. Сіз қандай болсаңыз да, Тәңір Ие сізді тап сондай күйіңізде қабылдайды. Сіз Исаға сенгендіктен Ол сізден бас тартпайды және соттамайды (Жохан 3:18). Біз мінсіз таза болғымыз келгендіктен Құдай бізді «қабылдайын» деген жоқ. Тек Иса Мәсіх арқылы ғана біз Құдайдың алдында ақталып, Оның алдына келе аламыз. Ефестіктерге арналған хаттың 1:7 аятында: *«Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлеміміз өтеліп, біздер жамандықтың құлдығынан азат етіліп, күнәларымыз кешірілді. Осылайша Құдай шексіз зор рақымын бізге молынан жаудырды, себебі Құдай бізді жақсы түсінеді және бізге барлық мезгілде ненің жақсы екенін біледі»* дейді.

Ишая пайғамбардың кітабындағы 54:10 аятында: *«Егер де тіпті таулар қозғалып, төбелер шайқалып, шаң-тозаңға айналса да, Менің сүйіспеншілігім мен мейірімділігім сенен айнымас, сенімен амандық пен тыныштық жайлы жасаған Келісімім де шайқалмас!»* дейді саған рақымын төккен Жаратқан Ие».

*«Құдай уәделеріне берік (Ол сенімді, сенімге тұрарлық, Өз уәдесін үнемі орындайды, Оған сенім артуға болады)»* (1 Қорынт. 1:9).

Егер де сіз Иса Мәсіхке сенетін болсаңыз, Құдай сізден бас тартпауға уәде берді. Құдай сондай-ақ сізді жақсы көретінін айтып уәде берді және де Құдай уәдесінде тұрады. Иса сіз үшін сиынатынын айтады, себебі Мәсіхке деген сеніміңіз арқылы сіз енді Құдайдың баласысыз (Жохан 17:9-10). Жаратушы Құдай сізді жақсы көреді. Оның сүйіспеншілігін қабылдаңыз. Дәуіт пайғамбармен бірге былай деп айтыңыз (Забур 102):

*«Жан-тәніммен Жаратқан Иені (сүйіспеншілікпен алғыс айтып) мадақтаймын, шын жүрекпен қасиетті атын ардақтаймын! Жан-тәніммен Жаратқан Иені сүйіспеншілікпен алғыс айтып мадақтаймын, маған жасаған көп жақсылықтарының [ешқайсысын да] ұмыптаймын. Ол барлық күнәларымды [ең соңғысына дейін] кешіріп,*

*дерттерімнің бәрін [ең соңғысына дейін] сауықтырады. Ажалдан, тозақтан жанымды аман қалдырып, әдемілеп безендіреді, мәртебемді көтереді және рақымы мен мейірімін сыйлап, қамқор болады; Ол тілегімді жақсылықпен қанағат қып, қырандай мені қайта түлетеді. Тәңір Иеміз жәбір көргендердің барлығына әділдік жеткізіп, мүддесін қорғайды... Жаратқан — мейірімді де рақымды, асқан шыдамды әрі қайырымды, сүйіспеншілікке толы. Ол бізді ұдайы айыптамайды, мәңгі бақи кек те сақтамайды... Аспан жерден қанша жоғары болса, Жаратқанның Өзін терең сыйлағандарға жаудыратын рақымы сонша мол! Шығыс батыстан тым қашық болғаны сияқты, күнәмізді бізден шексіз қашықтатты. Әкенің сәбиіне мейірімін көрсетіп, жаны ашығаны сияқты, Жаратқан Иеміз де Өзін қастерлегендерге дәл сондай мейірім мен жанашырлық көрсетеді... Жаратқанның рақымы мәңгіге жауады...».*

Забур жырларындағы 31:10 аятында Дәуіт тағы да былай дейді: *«Жаратқанға сенімін артқан пендені Оның берік рақымы (өзгермес сүйіспеншілігі) қоршай береді».* Ал Забур 33:1-9 аяттарда Дәуіт былай деп жазады:

*«Жаратқан Иені мадақтаймын әр уақытта, Оның құдіреті мен мейірімділігі туралы мақтаған жыр ұдайы жүрсін аузымда. Тәңір Иені шын жүректен тұтамын мақтан, байғұс бейшаралар естіп, қуансын соған. Менімен бірге Жаратқанды мадақтаңдаршы, бірігіп Оның есімін марапаттайықшы! Жаратқанға сиындым, Ол жауап берді маған, әрі азат етті мені бар қорқынышымнан. Жаратқанға сиынып көз тіккендер жайнайды, олар шаттанып, еш масқара болмайды. Жарлы болған мен жалбарындым Жаратқанға, Ол естіп, бар пәлемнен құтқарды сонда. Себебі Иені қастерлейтіндерді Оның періштесі қоршап тұрады, періштесі әділдерді құтқарады. Жаратқанның ізгілігіне көз жеткізіңдер, қандай бақытты Оған сенімін жүктегендер!».*

Құдайдың сүйіспеншілігі сізді қалқандай жабады. Осы қалқанның аясында өмір сүріңіз. *«Құдай мені сүйеді, жақсы көреді»* деп күніне бірнеше рет қайталап айтыңыз. Осы тарауда мысалға келтірілген Киелі жазбаның аяттарына ой жүгіртіңіз. Осы аяттар Құдайдың сізге деген зор сүйіспеншілігіне сенімділігіңізді арттырады.

## 2

### Болашаққа сенімділік

Енді мен Киелі жазбадан Құдайдың сізге дайындаған болашағы туралы бірнеше аяттарды мысалға келтірейін. Есіңізде болсын, сіз Құдайға өте қымбатсыз, сізді жаратқан кезде Оның ерекше мақсаты болды. Сіз болашағыңызды қалай көз алдыңызға елестетесіз? Құдай сіздің үмітіңіздің мол болғанын қалайды, ал шайтан сіздің үмітіңіз үзіліп қиналғаныңызды қалайды. Құдай сіздің өміріңіздің әр күнінде қандай да бір жақсылық болатынына сеніп өмір сүргеніңізді қалайды. Ал шайтан сіздің бақытсыздық пен жамандықты күтіп қорқынышта өмір сүргеніңізді қалайды. *«Бақытсыздың және еңсесі түскеннің қай күні де қайғыдан [мазасыз ойлардан, жайсыз сезімдерден] арылмас, қуанышты жанның [еш жағдайға қарамастан] тойы тарқамас»* (Нақыл сөздер 15:15). Жаман ойлар бақытсыздыққа душар етеді, ал жайсыз сезімдер әр күнде сізді қайғыға батырады.

*«Әлі бұ дүниеде тірі жүремін, Жаратқан Иенің рақымын көремін - деп нық*



сенбесем, [менің өмірім не болар еді?]]» (Забур 26:13). Келесі 14-ші аят бізді былай деп жігерлендіреді: «*Әрдайым Жаратқанға сеніміңді артып, Оны күт; батыл бол, нығайта түс жүрегіңді! Ер жүректі, әрі шыдамды бол. Әрқашан Жаратқанға сеніміңді артып, Оны күт!*».

Еремия пайғамбардың кітабындағы 29:11 аятта Тәңір Ие бізге деген Өз ниетін ашып көрсетеді: «*Өйткені сендерге деген ниетім мен жоспарым Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім мен жоспарым бар, — деп нық айтады Жаратқан Ие.*».

Шайтан сіздің болашаққа деген үмітіңіздің үзілгенін қалайды. Дәуіт пайғамбар Забур жырларындағы 41:12 аятында мынадай керемет сөздер жазған: «*Жан дүнием, неге сен мұңаясың, бойымда алаңдап, неге мазасызсың? Жалғыз Құдайдан үмітіңді үзбе, Оған сенімің берік болсын! Өйткені Құтқарушымды — өзімнің Құдайымды мадақтаймын әлі де.*».

Егер де сіз осындай шындық сөздерді жүрегіңізде сақтайтын болсаңыз, болашаққа қуанышпен қарайтын боласыз. Сіздің өмірге көзқарасыңыз, ой-санаңыз, айтқан сөздеріңіз бен іс-әрекетіңіз сіздің болашаққа деген үмітіңіздің зор екенін көрсетеді. «*Бұл үміт алдамшы қиял емес (біздің көңілімізді қалдырмайды), өйткені бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті*» (Рим. 5:5). Біз Құдайдың сүйіспеншілігін білеміз, себебі Киелі Рух оны жүрегімізде растайды. Егер де біз Құдайға сеніп, үміт артатын болсақ, біз ешқашанда алданбаймыз, ренжіп, ұятқа да қалмаймыз. «*Себебі Құдай Ие күн мен қалқанға ұқсайды, Жаратқан Ием рақым мен ұлылық сыйлайды, Ол тура жолменен жүретін адамдарды сыйлайтын игіліктерінен құр қалдырмайды*» (Забур 83:12).

Філіпіліктерге арналған хаттың 1:6 аятында Пауыл бізге: «*Өмірлеріңде игі ісін бастаған Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх Иса қайта оралар күнге дейін [осы игі ісін] толықтай аяқтайтынына кәміл сенемін*» дейді. Ал Ефестіктерге арналған хаттың 2:10 аятында Пауыл өзінің осындай сенімділігін былай деп түсіндіреді: «*Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты (қайтадан жаңадан жаратты); соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала (жоспарлап) жағдай тугызды [игі істерді жасап орындауымызға Құдай алдын ала белгілеп қойған жолдармен жүруімізге, алдын ала дайындап қойған жақсы өмірмен өмір сүруімізге жағдай тугызды].*».

«Егер де Құдай шынымен де маған осындай керемет жоспар құрған болса, ол қашан іс жүзіне асады?» деп сіз сұрайтын боларсыз. Жауапты Даналықты уағыздаушының кітабындағы 3:17 аятынан табасыз: «*... өйткені сол жайттардағы әрбір заттың, әрбір ой-ниеттің және әрбір істің сыналып тексерілетін уақыты бар*». Құдай Өз жоспарын іс жүзіне асырады және сіздің өміріңізге белгілеп қойғанын орындайды. Ал сіз Петрдің айтқанын орындаңыз, - Құдайдың құдіретті қолының астына бой ұсыныңыз, Өзі белгілеген уақыты жеткенде Ол сізді жоғарылатпақ (1 Петр 5:6). Аббақұқ пайғамбардың жазбасындағы 2:2 аятында Жаратқан Ие пайғамбарға болашақ туралы Өз жоспарынан көрініс беріп, Оның хабарын тақтасаларға оқуға оңай қылып анық жазуын айтты. Ал келесі 3-ші аятта Тәңір Ие былай дейді: «*Өйткені бұл Мен жоспарлаған хабар белгілі бір уақытта ғана іске асып, орындалатын кезіне меңзейді. Ол өтірік болып шықпайды. Орындалуы кейінірек болса да, оны күт, күдеріңді үзбе, себебі ол міндетті түрде іске асып кешеуілдемейді. Шыдамды болыңдар! Ол бір күнге де кешікпейді!*».

Еврейлерге арналған хаттың авторы осының барлығы бір ғана мақсатпен

жазылғанын айтады: «Бізге ұсынылған осы үміттен күдер үзбей, Одан пана таптық. Бұл үмітіміз берік зәкір сияқты жанымыздың сенімді сүйеніші, ол көктегі киелі үйдің ішіндегі «шымылдықтың артында» Құдайдың Өзімен бекітілген» (Евр. 6:18-19).

«Барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді, себебі Ол бізді Өз мақсатына сай таңдап алды» дейді Пауыл (Рим. 8:28). Пауыл кейінірек Ефес қауымына жазған хатында былай дейді: «Ал Тәңіріміз бізге әсер ететін Өзінің құдіреті арқылы біз [батылымыз барып] сұрағаннан немесе ойлағаннан [сиынған мінәжатымыздан, ой-тілегімізден, күткен үмітімізден немесе арманымыздан] әлдеқайда көп нәрселерді істей алады (Өз мақсатын іс жүзіне асыра алады)» (Ефес. 3:20).

Құдай сіздің үмітіңізді үзбеуіңізді айтады, себебі Ол сіз сенім артқаннан әлдеқайда керемет нәрселерді істей алады. Ал егер де сіз сеніміңізді жоғалтқан болсаңыз, Құдай сізге тапсырған міндетті орындай алмайсыз, яғни Жаратқан Иеге үміт артып сене алмайсыз, Оның шүбәсіз орындалатын сізге дайынған керемет игілігіне толық сене алмайсыз.

Ефестіктерге арналған хаттың 1:11 аятында Пауыл Тәңіріміз Иса Мәсіх туралы былай дейді: «Құдай ниет еткендерінің бәрін өз еркіне сай орындайды; Ол бізді Мәсіхпен байланысты өз халқы болуға алдын ала таңдап алған еді. Бұл Құдайдың әуел бастағы мақсатына сәйкес болды».

Құдай сізге былай дейді: «Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін сақтап, орындай алуың үшін оларды аузыңнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын бол! Сонда ғана өркендеп табысты боласың» (Ешуа 1:8).

Заңды қайталау кітабының 30:14 аятында: «Жоқ, бұл сөз саған өте жақын, ол ауызыңда және жүрегіңде. Сондықтан оны орындай аласың» дейді. Ишая пайғамбардың кітабындағы 55:11 аятында егер де біз Құдайдың Сөзін мойындайтын болсақ, Оның біздің өмірімізге арнаған ой-ниетінің орындалатынын айтады: «Менің аузымнан шыққан Сөзім де соған ұқсайды: ол нәтиже берместен [бекерге, нақты іс-әрекетті орындамайынша] Өзіме қайта оралмайды. Керісінше, Менің Сөзім еркімді [және қажет нәрсемді] толық орындап, көздеген мақсаттарымды жүзеге асырады». Құдайдың Сөзін айта бастаңыз, сол кезде сіздің өміріңіз де өзгере бастайды.

Сіз өз болашағыңызды қалай көз алдыңызға елестетесіз? Шайтан сізге өміріңіздің нашарлап бара жатқаны туралы ой береді. Ол сіздің көп нәрсені істегеніңіз жайлы емес, керісінше «әлі көп нәрсе жасау керек» деген ой береді. Сіз кейде өзгере алмайтыныңызды ойлап ызаланасыз ба? Үмітіңізді үзбеңіз. Құдай сізді өзгертеді. Құдай сізге рухани жауларыңызды біртіндеп жеңуге көмектеседі (Заңды қайт. 7:22). Құдай сізді Өзіне ұқсатып өзгертіп келеді де (2 Қорынт. 3:18). Сондай-ақ сіздің Жаратушы Иеге ұқсап өзгере бастауыңыз – сіздің жаңа ой-тілегіңіздің, жаңа мақсатыңыздың, өмірге және адамдарға деген жаңа көзқарасыңыздың Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгеруіне байланысты (Рим. 12:2).

Көктегі Құдай Өкеңіз сізге салтанатқа кенелген адам ретінде қарайды. Құдайдың көз алдында сіз ұлы салтанатқа кенелген адамсыз, сондықтан сізге сенімділік беру үшін Ол сізге Киелі Рухын қондырды. Мен «салтанат» деген сөзде Құдайдың барлық қасиеті бар екенін айтып отырмын. Құдайға үміт артыңыз және Киелі жазбада сіз туралы жазылғанның бәріне сеніңіз. Құдайдың Сөзімен дәлелденген, дұрыс, сенімді сөздерді ғана айтып үйреніңіз. Дауыстап былай деп жариялап айтыңыз: «**Құдай мені Өзіне ұқсатып өзгертіп келеді, сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын менен көбірек көрініс табады (2 Қорынт. 3:18). Құдайдың Рухы мені күні сайын жайлап өзгертіп келеді. Менің өмірімнің мағынасы бар. Құдай маған көп жақсы нәрселерді**

**дайындап қойды».** Есіңізде болсын, біз жаңа нәрселерді жоқтан жарата алатын Құдайға сенеміз (Рим. 4:17).

Құдай Өз Сөзінде сіз туралы не дейді? *«Ал сендер өздеріңді қара түнектен тамаша нұрына шақырған Тәңірдің қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялауға таңдалған нәсілсіңдер. Патшаның діни қызметкерлері, қасиетті ұлт — Құдайдың [Өзі төлемін өтеген] меншікті халқы болдыңдар!»* (1 Петір 2:9). Өзінді төмен санау – қара түнекте жүру деген сөз. Өзінді еш құндылығы жоқ жарамсыз санау – қара түнекте жүру деген сөз.

Сіз – Құдайдың халқысыз, әрі Оның ерекше құнды меншігісіз (Малахи 3:17). Құдай сізді өте жоғары бағалайды және сіздің өміріңізге арналған мақсаты бар. Мандайыңызға жазылған тағдыр бар. Құдайдың сіздің өміріңізге арнаған керемет ой-ниеті бар. Адамзат тарихында сізге бөлінген орны ерекше, сіз осыған сенуіңіз керек. *«Жоқ, Джойс, мен қаншама жолым болмай сәтсіздікке ұшырадым. Қаншама қателік жасадым. Құдайдың менен баяғыда көңілі қалған»* дейтін боларсыз. Тіпті елші Пауыл да көздеген мақсатына әлі жетпегенін мойындаса да, еш берілмейтінін айтады: *«Бауырластар, мен бұл мақсатқа жеттім деп санамаймын, істеп жүргенім бір-ақ нәрсе [мені бір ғана нәрсе алға жетелейді]: өткен нәрселерді ескермей, алдымдағы бәйгеге қарай жан сала жүгіріп келемін, Құдайдың [көктегі] сыйына — Оның Мәсіх Иса арқылы шақырған көктегі өміріне ие болу үшін көздеген мақсатты қуып жүрмін»* дейді (Філіп. 3:13-14).

Құдай сізге керемет болашақ дайындап қойды, бұрынғыны есіңізге алмаңыз. Құдайдың Сөзіне құлақ түріңіз: *«Естеріңе бұрынғыны алмаңдар, бұдан былай баяғыны ойламаңдар! Енді Мен жаңаны жасаймын, қазір ол жарыққа шыққалы тұр. Сендер мұны ұқпайсыңдар ма? Міне, Мен иен далада жол саламын, шөл даладан бұлақтар ағызамын»* дейді (Ишая 43:18-19). Одан кейін Ишая пайғамбардың кітабындағы 43:25 аятында Құдай сізге қандай керемет сөз айтады: *«Алайда Мен өз еркіме сай қылмыстарыңды өшіріп тастаймын! Енді қайтып ешқашан да күнәларыңды есіме алмаймын!»* дейді.

Құдай сізге алдын ала тағайындап қойған керемет өмірде сіздің рақаттана шаттанғаныңызды көргісі келеді. Ол сіздің өміріңіздегі барлық қателіктерді алып тастауға дайын. Ол тіпті сіздің болашақтағы барлық қателіктеріңізді де түзетудің жолын ойластырып қойған. Өткенді ойлап өкінудің немесе болашақты ойлап уайымдаудың қажеті жоқ. Құдай сізге қажет болған кез-келген көмекті көрсеткісі келеді. Ишая пайғамбардың кітабындағы 40:31 аятында Құдай былай деп уәде береді: *«Ал сенім артқандар Тәңір Иеге [Оған үміт артып, Оны іздегендер] өзгереді және жаңа күш-қуатты иемденеді, қырандай қанаттарын жайып [Құдайға қарай] кеңістікке самғай жөнеледі, алайда шаршамайды, жүре береді, еш әлсіремейді және еш болдырмайды».*

Құдайдың сізге деген шынайы сүйіспеншілігіне және Құдай сіздің кез-келген мұқтажыңызды қамтамасыз ететініне сеніңіз. Енді Құдайдың таңқаларлық уәделері мен керемет ой-ниетін білгеннен кейін, болашаққа жарқын үмітпен қараңыз және Құдайдың Өз уәдесін орындайтынына сеніңіз (Рим. 4:21). Артқа жалтақтап бұрылмаңыз, тек алға ғана қараңыз.

### 3

## Сіз ақталғандығыңызды жете түсініңіз

Киелі жазбадан әділдік туралы бірнеше аятты оқиық. Исаға сенуші әрбір адам Құдай патшалығындағы жанұяның бір мүшесі болады және Құдайдың баласы болып, Құдайдан «мұраны» қабылдап, Мәсіхпен «еншілес» болғандықтан Исаға сенуші әркім Жаратушы Иенің тағының алдында Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлемі өтелген, күнәлары кешірілген адам ретінде тұра алады. Сіз Исаға деген сеніміңіз арқылы ақталған әділ адамсыз: *«Құдай біздің күнәларымызды ешқашан күнә жасасаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Тәңір алдында ақталдық [Оның әділдігі бізге берілді, біз Тәңірдің алдында ақталдық, Құдай бізді қабылдады және Құдайдың рақымымен Онымен тығыз байланыстамыз]»* (2 Қорынттық. 5:21).

Забур жырларындағы 47:11 аятында Тәңір Ие туралы былай дейді: *«Уа, Құдайым, Сенің атың да, Саған арналған мадақтау да жердің төрт бұрышына жайылады, құдіретті қолың әділдік [рақымдылық, шындық] орнатады». Құдайдың сізге созған құдіретті қолы әділ. «Иеміз Иса Мәсіхтің [Құтқарушы Патшамыздың] қайта оралатын сол күні еш айыпталмауыңыз үшін Тәңір Ие сізді өміріңіздің аяғына дейін табанды етпек [сізге шыдамдылық, күш-қуат беріп нығайтып, қорғайды; сізді айыптағандардың сөздерін әшкерелеп ақтап алады]»* (1 Қорынттық. 1:8). Бұл аят нені білдіретінін білесіз бе? Бұл сіздің Құдайдың алдында Исаға деген сеніміңіз арқылы ақталғандығыңызды білдіреді. Бүгінгі күні сіз Құдайдың ой-ниетіне сәйкес ақталған адамсыз. Тәңір сізді *«бауырластарымызға жала жауып келген»* шайтанның (Аян 12:10) өтірігінен қорғап сақтауға дайын. Егер де Иса Мәсіхке сенген болсаңыз, сіз Құдайдың алдында әлдеқашан ақталған адамсыз және Құдай сіздің айыпты емес екендігіңізді дәлелдеуге дайын.

Иса таудағы уағызында Өзінің шәкірттеріне: *«(Құдайдың алдында шындықты) әділдікті аңсап зарыққандар (қуанышты, рухани өмірлері табысты) бақытты (олар Құдайдың рухани балалары ретінде Оның рақымы мен құтқарылуына ие болғандар): олар толықтай қанағат табатын болады!»* (Матай 5:6) деді. Сіз Құдайдың ұлы (немесе қызы) ретінде Жаратушы Иенің мейіріміне ие болуға құқыңыз бар. Өмірден рахат тауып риза болуға құқыңыз бар. Өмір – Құдайдан келген сый. «Мен – Иса Мәсіх арқылы Құдайдың алдында ақталған адаммын» деп айтыңыз.

Мүмкін сіз өз күшіңізбен Құдайдың алдында әділ болып ақталуға тырысатын шығарсыз. Әділдік ондай жолмен келмейді. Құдайдың алдында ақталып әділ болуға және құтқарылуға бар ынтамен ұмтылып қол жеткізе алмайсыз, бұл Құдайдан келетін сый. Барлық ұмтылыстарыңызды доғарып, Иса арқылы ақталатыныңызға сеніп тек Құдайға үміт артып үйреніңіз. *«Жаратқан Иеге арт барлық уайымыңды [ауыртпалықтан арыл], Ол сені қолдап ойлайды қамыңды, мәңгілік құлатпайды әділ жанды (сүрінуіне, жығылуына немесе сәтсіздікке ұшырауына жол бермейді)»* (Забур 54:23). Ыбырайымның сенім арқылы ақталуы жайында Пауыл елші былай дейді:

*«Ал енді біздің түп атамыз Ыбырайым туралы не дейміз? Ол осы мәселеде не тапты? [Оның жағдайына не нәрсе әсер етті? Ол не нәрсені тапты?] Егер Ыбырайым өз игі істері арқылы ақталған болса (әділ деп саналып, айыпталудан құтылса), онда ол мақтана алар еді; бірақ Құдай алдында емес! Тауратта «Ыбырайым Тәңір Иеге сенді (Оған үміт артты), сондықтан Иеміз оны Өзінің алдында ақтады» деп жазылған»* (Рим. 4:1-3).

Осы тараудың 23-ші және 24-ші аяттарында Пауыл өз ойын жалғастырып: *«Жаратқан Ие оны ақтады»* деген сөз *Ыбырайымға ғана емес, бізге де қатысты: біз*

*Иеміз Исаны қайта тірілткен Құдайға деген сеніміміз арқылы [Оған үміт артқандықтан, Оған сенімді болғандықтан] ақталамыз»* дейді. Басқаша айтқанда, біз жақсы істеріміз арқылы емес, сеніміміз арқылы ақталамыз. Егер де біз Иса Мәсікке сенетін болсақ, Құдай бізді ақталған әділ адам деп санайды. Құдайдың алдында біздің ақталуымызға Исаның құрбан болып төгілген қаны жеткілікті, бұл Жаратқан Иенің шешімі. Барлық билік Құдайдың қолында, Оның қандай шешім болса да қабылдауға құқы бар.

Келесі тараудың 1-ші аятында Пауыл өз ойын былай деп қорытындылайды: *«Сонымен, Иеміз Иса Мәсікке (Құтқарушыға, Құдай тағайындаған Патшаға) деген сеніміміз арқылы (Құдайдың алдында) ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татумыз [Құдаймен татуластық және өмірде рақаттана аламыз]»* (Рим. 5:1).

Забур жырларының 36:25 аятында Дәуіт: *«Жас та болдым, енді міне, қартайдым, көрмедім әділ жанның бейшара болғанын, ұрпағының қайыршы болып нан сұрағанын»* деп жазады.

Егер де ата-аналар Иса Мәсікке деген сенімдері арқылы Құдайдың алдында ақталғандарын түсінетін болса, олардың балалары да осы сенімді қабылдай алады. Ал егер де ата-аналар үнемі өздерін кінәлап, айып тағып, өздерін жарамсыз сезінетін болса, көбінесе олардың балаларына да осы сезім беріледі. Ал егер ата-аналар Құдайдың оларды жақсы көретінін жете түсінетін болса, Құдайдың көз алдында олар өте қымбат екеніне, олар үшін Құдай жақсы нәрселерді дайындап қойғанына, Иса Мәсіхтің құрбан болып төгілген қаны арқылы ақталғандарына сенетін болса, - ата-ананың осындай сенімі балаларына жақсы әсер етеді, сонда балалары Исаны және Оның барлық уәделерін өздеріне тиісті нәрсе ретінде қабылдайды.

Накыл сөздердің 20:7 аятында: *«Әділ жан мінсіз өмір сүрер, балалары (бақытты болып) жарылқауға иемденер (басқалар оларды қызғанар)»* дейді. Ал Забур жырларының 36:39 аятында: *«Әділдерді Жаратқан құтқарып алады, пәлеге тап болса, оларға пана болады»* дейді. Тәңір Ие біздің жақтасымыз. Оның Сөзі шындық, Ол бізге амандық пен тыныштықты, қауіпсіздікті және жеңісті уәде етеді. Ишая пайғамбардың 54:17 аятындағы Жаратқан Иенің уәделерін мойындап жариялаңыз: *«Ал бұдан былай қандай қару-жарақ саған қарсы жасалса да, сені құрта алмайтын болады. Өзіңді айыптағандардың сөздерін әшкерелеп, жоққа шығарасың. Жаратқан Иенің қызметшілері осы игіліктерді [амандық пен тыныштықты, әділдікті, қауіпсіздік сезімін, жеңісті] иеленетін болады. Оларды өзім ақтап аламын [Мен оларға беретін әділдік немесе ақтайтын дәлел осы], деп нық айтады Жаратқан Ие».*

Забур жырларының 33:16 аятында Дәуіт: *«Жаратқан Ие әділдерге назар аударады, Өзіне жалынған оларға құлақ салады»* дейді. Құдай сізді қатты жақсы көргендіктен сізге назар аударады, сізді тыңдайды. Сосын осы тараудың 18-ші, 20-шы және 23-ші аяттарында Дәуіт: *«Әділдер жалынса Иеміз құлақ салады, күллі қиындықтан оларды құтқарып алады... Әділ жан қиындықты көп көреді, ал Иеміз бәрінен оны азат етеді... Жаратқан Ие құтқарады өз құлдарын, Ол соттамайды немесе кінәламайды Өзін паналағандарын және Өзіне үміт артқандарын»* дейді.

Исаны қабылдағаннан бастап сіз өзгеріп келесіз. Өлі де өзгерудің жолындасыз деп айтуға да болады. Әрине өміріңізде қандай да бір қателіктер де болады. Сіздің мінез-құлқыңыз керемет болмауы мүмкін, ал егер де Жаратқан Иемен қарым-қатынасыңыз тығыз болса, сіз өзгерудің жолында болсаңыз да, Ол сізді кемелді деп санайды. Ишая пайғамбардың кітабындағы 54:14 аятында Тәңір Ие: *«Сен әділдікпен (шындықта,*

*Құдайдың еркі мен тәртібіне сәйкес) берік негізделесің. Жәбір көруден аулақ, тыныштықта тұратын боласың. Сені ештеңе де қорқытпайды, үрей атаулы саған жоламайды»* дейді.

Нақыл сөздердің 28:1 аятында «ымыраға бармайтын әділ жан арыстандай батыл болады» дейді. Егер де сіз Иса Мәсіхке деген сеніміңіз арқылы ақталғандығыңызды білетін болсаңыз, сіз еш үрейленбей, қорықпай өмір сүретін боласыз, себебі Құдайдың алдында ақталғандығыңыз сізге батылдық береді: *«Ол бізге жаны ашымайтын, осал жақтарымызды, әлсіздігімізді, азғырылуымызды түсінбейтін діни қызметкер емес, қайта, өзіміз сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ. Ендеше рақымы мол Құдайдың тағына нық сеніммен, батылдықпен, қорықпай жақындап, өтініштерімізді білдірейік. Осылай көмекке мұқтаж кездерімізде Оның мейірімділігі мен рақымына ие боламыз»* (Евр. 4:15-16). Біз рақымы мол Құдайдың тағының алдына өзіміз әділ болғандықтан емес, Исаның арқасында батылдықпен бара аламыз: *«Енді біз Мәсіхтің қаны төгіліп құрбан болғандығы арқылы ақталған соң, Оның арқасында Құдайдың қаһарынан мәңгілік құтқарылатынымыз да сөзсіз!»* (Рим. 5:9).

Мүмкін сіз «Менің өмірім неге осындай? Неге менің жолым үнемі болмайды?» дейтін боларсыз. Егер де осы рас болса, мен сізге жақсы жаңалық айтайын: сіз Исаға сену арқылы ақталған адамсыз, сондықтан өзіңіз туралы: «Мүмкін мен керемет емес шығармын, бірақ Құдайға шүкір, қазір мен бұрынғыдай емеспін. Бәрі жақсы» деп айтыңыз. Есіңізде болсын, өзгеріс дегеніміз уақытты қажет ететін даму барысы, сіз қазір сол уақыттан өтудесіз. Сіз әзірге өзгеру процессінен өтіп жатырсыз, ал Құдай сізге әлдеқашан ақталған адам ретінде қарайды. Сіз Исаның төгілген қанына сенгендіктен Құдай сізді ақтап алды. Сіз Құдайдың сүйіспеншілігін қабылдап, өзіңіздің Құдайдың алдында Исаға деген сенім арқылы ақталғандығыңызды жете түсінетін болсаңыз, сіз сенімсіздіктен және («мені қабылдамайды» деген) қорқыныштан құтылатын боласыз. Дәл қазір: «Мен – Иса Мәсіх арқылы Құдайдың алдында ақталған адаммын» деп айтыңыз. Өзіңіз туралы осы шындықты күніне бірнеше рет айтыңыз.

*«Құдай Патшалығы иішіп-жеуде емес, Киелі Рухтың күшімен әділ, өзара тату, қуанышты өмір сүруде»* (Рим. 14:17). Әділдік өзара татулыққа алып әкеледі, ал татулық қуанышқа әкеледі. Ал егер де сізде өзара татулық пен қуаныш жоқ болса, сіз өзіңіздің ақталған әділ адам екендігіңізді әлі де түсінбегеніңіз. Құдай сізді материалдық жағынан да жарылқағысы келеді. Алайда көптеген адамдар өздерін кінәлап, айыптап шынайы табысқа жете алмайды. Ал Киелі жазба әділ адамдардың табысқа жетіп, қауіпсіз тұратынын айтады.

Құдайдың сіз туралы не айтатынын білесіз бе? Забур жырындағы 1:3 аятында Жаратқанның тәлімі мен өсиеттеріне қуанатын адам су жағасында орналасқан, мерзімі жеткенде жемісін беретін ағашқа ұқсайтынын айтады. Сіздің жапырақтарыңыз кеуіп солып қалмайды, не істесеңіз де табысқа жетесіз. Сіз жетіспеушілік пен мұқтаж жайында емес, Құдайдың алдында ақталғаныңыз жайлы ойлаңыз. Ешуа кітабындағы 1:8 аятында Жаратқан Ие былай бұйрық береді: *«Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін сақтап, орындай алуың үшін оларды аузыңнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын бол! Сонда ғана өркендеп табысты боласың».*

Забур жырындағы 1:2-3 аяттарында не жазылғаны есіңізде ме? Құдайдың сөзі туралы күні-түні ойланып, үнемі ой жүгіртуді әдетке айналдырып дағдылансаңыз, сіз су жағасында орналасқан, мерзімі жеткенде жемісін беретін ағашқа ұқсайтын боласыз және не істесеңіз де табысқа жетесіз. Құдайдың сөзі туралы ойланыңыз және оны жариялап

айтыңыз. Шайтан сіздің ой-санаңызға шабуыл жасаған кезде, сіз оған Құдайдың сөзімен қарсы шығыңыз.

*«Жаратқан Иенің есімі — мықты мұнара, бас сауғалаған әділге [Құдай ақтап алған әділ адамға] қауіпсіз пана болып, зұлымдықтан сақтап, күш-жігер береді»* (Накыл сөздер 18:10).

Забур жырындағы 71:7 аятында: *«Әділ адам өмір бойы өркендейді, ай өшпейінше ол молшылықта, амандық пен тыныштықта болады»* дейді. Құдайдың алдында ақталғаныңызды жете түсініңіз, сол кезде сіз өркендеп табысқа жетесіз, амандық пен тыныштыққа кенелесіз. «Ал бұрынғы жасаған қателіктерімді не істеймін?» деп айтатын боларсыз. Құдайдың Өз халқына айтқан сөздерін сіздің есіңізге түсірейін: *«Жаратқан Ие мынаны айтады: Менің кейінгі заманда халықпен жасайтын келісімім (өсиетім) мынадай болады: Мен Өз тәлімімді жүректеріне дарытамын, әрі ақыл-саналарына (терең ой-саналарына) «жазып» та қоямын». Мен олардың күнәлары мен әділетсіз істерін бұдан былай есіме алмайтын боламын». Ал күнәлар (барлық теріс қылықтар) толық кешірілген жерде енді қайтып оларды өтеп, жоятын құрбандықтың қажеті де жоқ»* (Евр. 10:16-18).

Яғни сіздің барлық күнәларыңыз да, күнәнің кесірінен келетін жазаларыңыз да толығымен жойылып, кешірілді. Иса Өзіне тапсырылған істі аяқтады, сондықтан сізге күнәңізді өтеу үшін еш нәрсе істеудің қажеті жоқ. Ең бастысы – Жаратқан Иенің сізге сыйға бергісі келетін нәрсесін сеніммен қабылдаңыз. Еврейлерге арналған хаттың 10:19-20 аяттарында Исаның Өз қанын төккенінің арқасында енді нық сеніммен Құдайдың алдына бара алатынымызды, Иса біз үшін мәңгілік өмірге жаңа жол ашқанын айтады. Құдайдың алдына баруымызға бөгет болған «шымылдыңтың» енді қажеті жоқ. Сіз енді батылдықпен Жаратқанның алдына барып, Онымен сөйлесе аласыз, себебі сіздің күнәларыңыз толық кешірілді, жойылды және ұмытылды. Қуаныңыз: сіз Иса Мәсіх арқылы Құдайдың алдында ақталдыңыз (2 Қорынттық. 5:21)!

## 4

### Қорқынышты жеңу

*«Өйткені Құдай бізге қорқыныш емес (қорқақтық, жүрексіздік, жасықтық, жағымпаздық қорқыныш емес), күш, сүйіспеншілік, ұстамдылық, ақылдылық, өзін-өзін бақылау, тәртіпті дарытатын Киелі Рухын сыйлады».*

2 Тимоте 1:7

Осы аятты есіңізге сақтап, жаттап алыңыз және сіздің бойыңызды мазасыздық, қорқыныш билеген кезде қайталап айта беріңіз.

Қорқыныш Құдайдан келмейді. Қорқынышты жіберетін шайтан. Құдайдың сіздің өміріңізге арнаған жоспары бар. Шайтанның да сіздің өміріңізге арнаған жоспары бар. Егер де сіз бір нәрседен қорқатын болсаңыз, шайтанның жоспарының орындалуына жол бересіз. Дәуіт: *«Жаратқанға сиындым, Ол жауап берді маған, әрі азат етті мені барлық қорқынышымнан»* дейді (Забур 33:5). Иса – сіздің Құтқарушыңыз. Егер де сіз Исамен тығыз қарым-қатынаста болсаңыз, Ол сізді барлық қорқыныштан азат етеді. Жохан жазған

Ізгі хабардың 14:27 аятында Иса қорқып, абыржыған шәкірттеріне: *«Көңілдерің қобалжып, қорықпаңдар [Көңілдерің толқып, абыржуға, ренжуге жол бермеңдер, қорқыныш бойларыңды билемесін, сендерді ешкім қорқытпасын, қорқақ және жасқаншақ болмаңдар]»* дейді. Бұл - қорқынышқа батыл түрде қарсы тұру дегенді білдіреді. Дәл бүгін шешім қабылдап, шайтаннан келетін қорқыныштың рухына сізді қорқытуға және сіздің өміріңізге билік етуге жол бермеңіз.

Забур жырларындағы 55:4-5 аяттарында Дәуіт: *«Қорыққанда Саған артам сенімімді, Құдайға сеніп енді қорықпаймын, берген сөзі үшін Оны мадақтаймын, Құдайға үміт артып, Оған нық сенемін, қорықпаймын, сонда пенде не жасай алады маған?»* дейді.

Ишая пайғамбардың кітабындағы 41:10 аятта Жаратқан Ие Өз халқына: *«Қорықпа [қорқудың қажеті жоқ], Мен саған жар боламын, абыржыма, үрейің ұшпасын, Мен сенің Құдайыңмын! Сен кез-келген қиындықты жеңу үшін саған қуат беріп көмектесемін, жеңімпаз (адал, әділетті) қолыммен сүйемелдеймін»* деп сенімділік береді.

Еврейлерге арналған хаттың авторы 13:5-6 аяттарда бізге «ақшақұмар болмай өмір сүріп, қолдағы барды қанағат тұтыңдар!» дейді және *«Құдай: Мен сені ешқашан [ешқашан, ешқашан] тастап та кетпеймін, [қолдаусыз, көмексіз] жалғыз да қалдырмаймын [осыған нық сеніңдер!]»* деген зой. Сондықтан да біз: *«Жаратқан Ием маған жар, мен қорықпаймын [үрейім ұшып, абыржымаймын] ешбір жасайттан, не істей алады адам баласы маған?»* деп нық сеніммен батыл айтамыз» дейді.

Қорқыныш шындық болып көрінетін өтіріктің нәтижесінен пайда болады. Шайтан сізді «болған жағдайдың соңы бітпейтін ұзақ бақытсыздыққа апарады» деп сендірмек болады. Алайда Киелі жазба, қандай жағдай болмасын, тіпті ең жаман қолайсызы болса да, Құдайға мүмкін емес нәрсенің жоқ екендігін айтып бізді жұбатады (Марқа 9:17-23).

*«Себебі Мен, Құдайың Жаратқан Иемін, сені оң қолыңнан ұстап сүйемелдеймін. Қорықпа, Мен сені қолдап қорғаймын!»* (Ишая 41:13). Осы аятқа қарап жаман хабардан қорқытпауыңыз қажет. Құдайға үміт артыңыз. Құдай барлық жағдайды жақсылыққа айналдыра алады (Рим. 8:28 қараңыз).

*«Ал енді, Жақыптың үрім-бұтағы, Израил халқы, сені жаратып қалыптастырған Тәңір Ие мынаны айтады: қорықпа, Мен сені құныңды төлеп құтқарып алдым. Сені өз атыңмен шақырдым: сен Мендікісің! Терең судан және үлкен қауіп-қатерден өткен кезіңде саған жар боламын, қиыншылық өзенінен өткенде батып кетпейсің. Естен тандыратын отты жарып өтсең, күйіп қалмайсың, тіпті жалыны да шарпымайды да. Себебі Мен сенің Құдайың Жаратқан Иеңмін, Мен, Израил сиынған Киелі Құдай, Құтқарушыңмын!»* (Ишая 43:1-3).

Жалғыз қалған кезіңізде Киелі жазбадағы қорқынышқа қарсы жігер беретін сөздерді дауыстап айтыңыз. Рухани әлемге қорқынышпен жүрмейтініңізді айтып жариялаңыз. Құдайдың Сөзін жариялау арқылы енді бұдай былай қорқып, азап шекпейтініңізді шайтанға батыл айтатын боласыз. Шынын айтқанда қорқыныш жазаға байланысты (1 Жохан 4:18). Біз азап шегуден құтылу үшін Иса құрбан болды. Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы *«көктегі Әкемізге (қорқынышсыз) еркін жақындап, сиынуга біздің батылымыз (сенімділігіміз) жетеді. Сондықтан да сендерден жігерлеріңді жасытпауларыңды [батыл болуларыңды, қорқыныштан еңселерің түсіп, қайғырмауларыңды] өтінемін ...»* (Ефес. 3:12-13).

*«Құдай — біздің панамыз да күшіміз [Ол – құдіретті Құдай], қиын кезде сенімді*



көмекшіміз. Сол себептен біз уайымдап қорықпаймыз, тіпті дүниенің астан-кестеңі шықса да, таулар теңіз тұңғиығына құласа да, ... Құдай біздің биік қорғанымыз!» (Забур 45:2-3).

Құдай бірнеше рет Нұн ұлы Ешуаға қайратты да батыл болып, еш нәрседен қорықпауын айтты: *«Қайда барсаң да, Құдайың Жаратқан Ие сенімен бірге жүріп жар болады»* деп сенімділік берді (Ешуа, 1-ші тарау). Сол сияқты сіз де еш нәрседен қорықпауыңыз қажет. Жаратқан Ие Ешуаға айтқан сөздерді сізге де айтады, Ол сізбен бірге жүріп жар болады. Құдай сізді ешқашан тастап та кетпейді, жалғыз да қалдырмайды (Евр. 13:5). Жаратқан Ие сізге үнемі назарын аударады (Забур 32:18). Сіздің есіміңіз Құдайдың алақанында ойып жазылған (Ишая 49:16). Олай болса сізге қорқудың қажеті жоқ. Қайратты да батыл, сенімді болыңыз және ешнәрседен қорықпаңыз.

Иса таудағы уағызында Өз шәкірттеріне: *«Сонымен ертеңгі күн туралы (алаңдамаңдар) уайымға салынбаңдар! Құдай ертеңгі күннің де қам-қарекетін ойлайды. Әр күннің қиыншылығы өзіне жетерлік»* деді (Матай 6:34).

Матай жазған Ізгі хабардың 8:23-27 аяттарында Исаның шәкірттері кенеттен соққан дауылдан қорқып кетті: *«Иса оларға: — Сенімі аздар-ай, неліктен соншама қорқасыңдар? — деді де, орнынан тұрып, жел мен көлге тыйым салды. Сонда жым-жырт (керемет) тыныштық орнады»* (26-аят).

Иса сізден: *«Сондай-ақ осындай мәселелерді уайымдап араларыңдағы қайсың өз бойын тіпті бір қарыс ұзарта алады? Сондай кішкентай нәрсе қолдарыңнан келмесе, неге басқа мәселелерді ойлап уайымдап жүрсіңдер?»* деп сұрайды (Лұқа 12:25-26).

Ишая пайғамбардың кітабында, 54:4-5 аяттарда, *«Қорықпа, енді қайтып ұятқа қалмайсың, қысылма, сен масқара болмайсың. Жас кезіңдегі ұятқа қалған жайтты ұмытып, жесірлік қасіретіңді де есіңе алмайсың. Өйткені өзіңді жаратқан Құдай саған жар! Ол сені құтқарып алған Қамқоршың, Әлемнің Иесі және Израилдің Киелі Құдайы деп те аталады. Бүкіл жер бетінің Құдайы деген атағы да бар»* дейді.

*«Жүрексінген адамдарыңа былай деңдер: «Қорықпай, берік болыңдар! Біліп қойыңдар, сендер сиынатын Құдай жауларыңды өздері жасаған қылмыстары үшін жазалауға келеді. Ия, Құдай сендерді құтқаруға келе жатыр!»* (Ишая 35:4). Бойыңызды қорқыныш билеген кезде, Құдай сізді Өзінің күш-қуатымен толтырып, жан дүниенізді құдіретімен нығайта көрсін деп Жаратушыдан сұраңыз (Ефес. 3:16).

Құдай маған қорқыныш туралы аян берді, сол туралы айтып берейін. Жаратқан Ие бізге Киелі жазба арқылы *«Қорықпа!»* деген кезде, Ол бізге қорқынышты сезуге тыйым салмайды. Ал шын мәнінде Құдай бізге: *«Қорыққан кезде, артқа шегінбе, одан қашпа. Қорықсаң да алға қарай жүр»* дейді. Көп жылдар бойы «қорқынышты сезу» деген қоян жүректі қорқақ болу деп ойлайтынмын. Ал қазір қорқынышты жеңудің не екенін білемін, қорқыныш келген кезде, оған Құдайдың Сөзімен, яғни Құдай берген барлық «рухани қару-жарақпен» қарсы шығып, тойтарыс береміз, тіпті қатты қорықсақ та, қажет нәрсенің барлығын жасаймыз.

Забурдың 33:5 аятында Дәуіт: *«Жаратқанға сиындым, Ол жауап берді маған, әрі азат етті мені барлық қорқынышымнан»* дейді. Ал Жохан бізге: *«Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ [үрей жоқ]. Шынайы [толық] сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды және қорқыныштың ізін де қалдырмайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты»*.

*Қорқатын кісiде сүйiспеншiлiк мақсатына жеткен емес [шынайы сүйiспеншiлiк жоқ]» дейдi (1 Жохан 4:18).*

Есiңiзде болсын, Құдай сiздi жақсы көредi. Құдай сiздi шынайы сүйiспеншiлiкпен сүйедi және сiздiң қамыңызды ойлайды, сондықтан сiз қорқынышсыз өмiр сүре аласыз. Мүмкiн, қазiр бойыңызды қорқыныш билеп алғаны соншама, одан құтылу мүмкiн еместей көрiнетiн шығар. Егер де солай болса, мына маңызды шындықты есiңiзде сақтаңыз: Құдай бiр сәтте сiздi кез-келген мәселеден құтқара алады, бiрақ көбiнесе Ол бастаған iсiн бiртiндеп бiрiнен кейiн бiрiн жасайды. Сондықтан жiгерленiңiз: Құдай сiздiң өмiрiңiзде бастаған игi iсiн мiндеттi түрде аяқтайды (Фiлiп. 1:6). *«Жаратқан Ием – нұрым менiң, құтқарушым да, кiмнен мен қорқамын солай болғанда?»* (Забур 26:1). *«Менi жалмауға зұлымдар таяп қалса, қарсылас жауларым маған бас салса, өздерi-ақ сүрiнiп, жығылады да. Мен қорықпаймын әскер қоршап алса да, үмiтiм үзiлмес ол маған лап қойса да».* Ал осы тараудың 5-6 аяттарында Дәуiт басына күн туғанда Құдайдың оны тасалайтынын, биiк тауында аман сақтап, жауларынан құпия орында жасыратынын айтады.

Дәуiт патшаға жасаған жақсылықтарды Құдай сiзге де жасайды. Жаратқан Иеге сенiңiз, сiздi барлық қорқынышыңыздан азат етуге Оның құдiретi жетедi. Құдайдың перiштесi Даниялға қорықпауын, оның сиынған мiнәжатын Құдайдың естiгенiн айтады: *«Қорықпа, Даниял. Себебi сен сол мәселенi түсiнуге ұмтылып, Құдайыңа мойынсұнып сиына бастаған алғашқы күнi-ақ мiнәжатың Құдайдың құлағына жеткен едi. Мен осында сол мiнәжатыңа бола келiп отырмын»* (Даниял 10:12).

Шайтан сiздiң сиынған мiнәжатыңызды «Құдай естiмейдi, жауап та бермейдi» деп сендiргiсi келедi. Алайда есiңiзде болсын, Құдайдың сөзi – «рухани семсер» болып табылады (Ефес. 6:17), осы семсермен жауды қирата жеңiске жетiңiз.

Жүрегiңiздi Құдайдың сөзiмен толтырып, аузыңыздан тастамай, күнi-түнi оқып, сол туралы ойланатын болыңыз. Тек Құдайдың сөзi ғана сiзге жауды жеңуге қабiлет бередi. Құдайдың сөзiн бiлгенде ғана, сiз шайтанның өтiрiгiн ажырата бiлетiн боласыз. Құдайдың сөзiн мойындап жариялаңыз, сонда сiз жеңiске жетесiз.

Бастықпен сөйлесуге мүмкiн қорқыныш кедергi жасайтын болар. Сiздi мүмкiн бiр нәрседе жазықсыз айыптап, ендi сiз өзiңiздi қалай қорғауды бiлмей, уайымдап жүрген боларсыз. Исаның айтқанына құлақ түрiңiз: *«Адамдар сендердi сотқа..., ел басшыларына және басқа да билiк иелерiне апарған кезде қалай жауап берiп, не айтатындарыңды ойлап уайымға салынбаңдар! Не айту керек екенiн сендерге сол сәтте-ақ Киелi Рух үйретедi»* (Лұқа 12:11-12).

Бойыңызды қорқыныш билеп, әлсiреген кезде, Жаратқан Иеге сенетiнiңiздi мойындап 22-шi Забурды қайталаңыз, Тәңiр Ие сiздi қажеттiнiң барлығымен қамтамасыз етiп, сiздiң қамыңызды ойлайды:

*«Жаратқан Ием — менiң Бағушым, мен еш нәрседен де тарықпаймын. Ол менi жасыл жайлауға жаяды, тұнық суға жетелеп апарады. Тәңiрiм жанымға күш дарытады. Есiмi «Қасиеттi» деп аталады, содан артамын Оған сенiмiмдi: Ол менi тура жолмен жетелейдi. Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен, қорықпаймын ешбiр қауiп-қатерден, себебi Өзiң менiң қасымдасың, жiгер бередi таяғың мен сойылың. Сен маған*

*дастарқан жаясың, көз алдында дұшпандарымның, мені құрметпен қарсы аласың, тостағанды толтыра құясың. Жақсылық пен мейірімділік үлесім болады өмірлік, Жаратқан Иенің үйінде мен қала беремін мәңгілік».*

## **Қорытынды: Табанды болыңыз!**

Мен сізге Құдайдың сүйіспеншілігі туралы, Оның сізге дайындап қойған керемет болашағы туралы, сіздің Иса Мәсіхке сеніміңіз арқылы Құдайдың алдында ақталғандығыңыз туралы және қорқыныштан құтылу туралы Киелі жазбадағы Құдайдың сөздерін айтқым келеді. Киелі жазбадағы Құдайдың барлық уәделеріне сіз Исаға сенуші ретінде ие болдыңыз. Алайда шайтан осы ақ батаны сізден ұрлап алғысы келеді. Шайтан сіздің оған құлдыққа қайта оралғаныңызды қалайды. Міне сондықтан да Пауыл елші Ғалаттықтарға арналған хаттың 5:1 аятында бізге: *«Мәсіх бізді еркін өмір сүрсін деп азат етті. Енді табанды болып, құлдықтың қамытын қайта кимеңдер!»* дейді. Табандылық, шыдамдылық және төзімділік сізге жеңіске жетуге көмектеседі.

*«Ендеше жігер берген нық сенімдеріңнен күдер үзбеңдер! Себебі сол үшін берілетін зор сый алдарыңда күтіп тұр. Құдайдың еркін толық орындап, Оның уәде еткенін иемдену үшін өте шыдамды, табанды болуларың қажет»* (Евр. 10:35-36). Көктегі Құдай Өкеңіз Иса Мәсіх қанын төгіп құрбан болуы арқылы берілген жарылқауға сіздің кенеліп жан рақатын тапқаныңызды қалайды. Дәл қазір ешқашан берілмеуге шешім қабылдаңыз. Осыдан ары қарай мен жазған Киелі жазбадағы Құдайдың сөздерін дауыстап айтыңыз, сол сөздер сіздің жан дүниеніздің бір бөлігіне айналсын. Әрқашанда есіңізде болсын, Құдай сізді сүйеді және Құдайдың сөзінде өмір бар.

Киелі Жазбадағы Құдайдың сөздерін мойындауға арналған аяттар

## **Кіріспе: Құдайдың Сөзінің әсері**

«Құдай Өз Сөзін арнап, мені сауықтырды, жанымды ажалдан, күйзелістен аман алып қалды» (Забур 106:20).

«Мен бақыттымын (қуаныштымын, табыстымын және мені басқалар қызғанады), себебі мен құдайсыздардан кеңес сұрамаймын [олармен өз жоспарымды бірге келісіп шешпеймін], күнәкарлар жолыменен жүрмеймін, [Құдайды] мазақтаушылармен бірге отырмаймын, қайта Жаратқанның заңына (Оның тәртібі мен қағидаларына) қуанып, күні-түні (үнемі) сол туралы ойланамын (оқып білемін). Мен мерзімінде жемісін беретін, жапырақтары еш кеуіп сембейтін, су жағасында [орналасқан] ағашқа ұқсаймын: не істесем

де, табыссыз қалмаймын» (Забур 1:1-3).

«Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін ұстанып, орындай алуым үшін оларды аузымнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын боламын! Сонда ғана мен өркендеп табысты боламын» (Ешуа 1:8).

«Бұл сөз маған өте жақын, ол аузымда және жүрегімде. Сондықтан оны орындай аламын» (Заңды қайталау 30:14).

«Менің аузымнан шыққан сөзім де Жаратқан Иенің сөзі сияқты нәтиже берместен өзіме қайта оралмайды. Керісінше, Құдайдың сөзі Оның еркін толық орындап, көздеген мақсаттарын жүзеге асырады» (Ишая 55:11).

«Мен енді, бетімді бүркемей, ашық түрде Иеміздің [Сөзіндегі] салтанатты ұлылығына айнадан көргендей мұқият көз жіберемін. Осылайша Ол мені Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын менен көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден — Киелі Рухтан келеді» (2 Қорынт. 3:18).

«Құдайдың сөзі — шындық. Мен Құдайдың сөзін оқып, ойланған кезде ақиқатты біле түсемін, ал ақиқат мені азаттыққа жеткізеді» (Жохан 17:17; 8:32).

## 1

### Құдайдың сүйіспеншілігі

«Ал осының бәрінде мені шексіз сүйетін Иеміздің арқасында ұлы жеңіске жетемін. Мен мынаған нық сенемін және күмәнданбаймын: өлім де, өмір де, періштелер де, жын-перілер де, бүгінгі күн де, болашақ та, табиғаттан тыс күштер де, не үстіміздегі, не астымыздағы ешқандай күш те, тіпті жаратылыстың басқа ешбір нәрсесі де мені Құдайдың Иеміз Иса Мәсіх арқылы көрсетіп жүрген сүйіспеншілігінен айыра алмайды!» (Рим. 8:37-39).

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен және өте жоғары бағалағандықтан, Өзінің жалғыз рухани Ұлын мен үшін құрбандыққа берді. Енді Оған сенетін (Оған үміт артатын, берік сенетін) менің жаным тозаққа түспей (жоғалмай, жойылып кетпей), мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16).

«Өйткені Әкенің Өзі мені [аялап] сүйеді, себебі мен Исаны сүйемін және Исаның Құдайдан келгеніне сенемін» (Жохан 16:27).

«Исаның өсиеттерін көңіліме сақтап, орындап жүргендіктен — мен [шынымен де] Исаны сүйемін. [Шынымен де] мен Исаны сүйгендіктен көктегі Құдай Әке де мені сүйеді. Иса да мені сүйеді және Өзін маған [ашық білдіріп] жақынырақ таныстырады [мен Исаны анық көретін боламын, Ол мен үшін нақты шындық болады]» (Жохан 14:21).

«Мен Жаратқан Иені сүйемін, себебі Ол мені алдымен сүйді» (1 Жохан 4:19).

«Уа, Құдай, Сенің өзгермейтін сенімді сүйіспеншілігің қандай қымбат, қанатыңның астында Саған үміт артып, паналаймын мен» (Забур 35:8).

«Уа, Тәңірім, менің жүрегімді сынап тексердің, Сен мені толығынан танып білдің: отырғаным, тұрғаным да Саған аян, менің барлық ойларымды да танысың алыстан. Жүрейін не демалайын, көз алдыңдамын, жолдарымның барлығы да Саған айқын. Кез-келген уақытта менің қайда екенімді Сен білесің. Сөз шықпай тұрып-ақ менің аузымнан Оны толық білесің, уа, Жаратқан! Алды-артымнан жүресің мені қоршап, құдіретті қолыңды үстімде ұстап. Бұның барлығы сондай керемет, таңқаларлық ғажап маған! Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын? Көз алдыңнан қайда жасырынбақпын? Сен үнемі мен туралы ойлайсың, уа, Құдай, қанша көп олардың саны! Санап шықсам барлық ойларыңды, құм қиыршықтарынан көп болады! Таңертең оянған кезде әрдайым, Сен мені ойлайсың әлі де» (Забур 138:1-7, 17, 18).

«Сондықтан Жаратқан Ие мені Өзіне қайтып келіп, рақымына [және мейірімділігіне] ие болуымды [қатты] сағына күтуде [және сәті келгенін күтуде]. Ол орнынан тұрып, маған мейірбандық көрсетуге, мәртебемді көтеруге және жанымды тыныштандыруға дайын. Өйткені Жаратқан Ие - әділ Құдай. Оған мен сенім артып Оның көмегін [Оның мейірімділігін, сүйіспеншілігін, амандығы мен тыныштығын, қуанышын, Онымен керемет қарым-қатынасты] [шыдамдылықпен] күтемін және іздеп, қатты аңсаймын, сондықтан да мен бақыттымын (маған басқалар қызғана қарайтын болады)!» (Ишая 30:18).

«Жаратқан Ие мені жетімсіретпей [жұбанышсыз, бақытсыз, жалғыз қалдырып, әлсіз күйде тастап кетпейді], қайта оралады» (Жохан 14:18).

«Бас тартса да менен тіпті әке-шешем, қабылдайды [асырап алады] мені Жаратқан Ием» (Забур 26:10).

«Менің сенімім арқылы [шынымен де] Мәсіх жүрегіме орнығып (берік тұрақтап), рухани өмірім Оның сүйіспеншілігіне тамыр жайып, негізделсін. Осылай мен Мәсіхтің сүйіспеншілігінің қаншалықты кең де көз жеткісіз, терең және биік екенін Құдайдың бүкіл халқымен [осы сүйіспеншіліктің жемісі болып табылатын Құдайдың киелі халқымен] бірге түсіне алып, адам санасы жетпейтін осы сүйіспеншілікті [өз тәжірибемде түсініп] танып білсем екен. Сол арқылы Құдайдың рухани қасиеттері бойыма [бүкіл болмысыма] толықтай дари берсін! [Құдайдың бүкіл болмысы бойымда болып, рухани игіліктерге толықтай ие боламын]» (Ефес. 3:17-19).

«Құдай Әке Исаны қалай сүйсе, Иса да мені солай сүйеді. Сондықтан мен Оның сүйіспеншілігін қабылдаймын! Исаның маған деген сүйіспеншілігі мынаған ұқсайды: «Адамның достарына көрсететін ең зор сүйіспеншілігі [жақсы көріп берілуі] — олар үшін өмірін құрбан етуі» (Жохан 15:9, 13).

«Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімде мен үшін Мәсіх [Құтқарушы, Құдай

тағайындаған Патша] өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай маған Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді [айқын көрсетті]» (Рим. 5:8).

«Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен менің төлемім өтеліп, мен жамандықтың құлдығынан азат етіліп, күнәларым кешірілді. Осылайша Құдай шексіз зор рақымын маған молынан жаудырды, себебі Құдай мені жақсы түсінеді және маған барлық мезгілде ненің жақсы екенін біледі» (Ефес. 1:7).

«Егер де тіпті таулар қозғалып, төбелер шайқалып немесе жойылып кетсе де, Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірімділігі менен айнымас, менімен амандық пен тыныштық жайлы жасаған Келісімі де шайқалмас, себебі Жаратқан Иенің маған рақымы мол» (Ишая 54:10).

«Құдай уәделеріне берік (Ол сенімді, сенімге тұрарлық, сондықтан Ол Өз уәдесін үнемі орындайды, мен Оған сенім арта аламын)» (1 Қорынт. 1:9).

«Жан-тәніммен Жаратқан Иені (сүйіспеншілікпен алғыс айтып) мадақтаймын, шын жүрекпен қасиетті атын ардақтаймын! Жан-тәніммен Жаратқан Иені сүйіспеншілікпен алғыс айтып мадақтаймын, маған жасаған көп жақсылықтарының [ешқайсысын да] ұмыптаймын. Ол барлық күнәларымды [ең соңғысына дейін] кешіріп, дерттерімнің бәрін [ең соңғысына дейін] сауықтырады. Ажалдан, тозақтан жанымды аман қалдырып, әдемілеп безендіреді, мәртебемді көтереді және рақымы мен мейірімін сыйлап, қамқор болады» (Забур 102:1-4).

«Ол тілегімді жақсылықпен қанағат қып, қырандай мені қайта түлетеді! Тәңір Иеміз жәбір көргендердің барлығына әділдік жеткізіп, мүддесін қорғайды... Жаратқан — мейірімді де рақымды, асқан шыдамды әрі қайырымды, сүйіспеншілікке толы. Ол бізді ұдайы айыптамайды, мәңгі бақи кек те сақтамайды. Аспан жерден қанша жоғары болса, Жаратқанның Өзін терең сыйлағандарға жаудыратын рақымы сонша мол! Шығыс батыстан тым қашық болғаны сияқты, күнәмізді бізден шексіз қашықтатты. Әкенің сәбиіне мейірімін көрсетіп, жаны ашығаны сияқты, Жаратқан Иеміз де Өзін қастерлегендерге дәл сондай мейірім мен жанашырлық көрсетеді... Жаратқанның рақымы мәңгіге жауады...» (Забур 102:5-6, 8-9, 11-13, 17).

«Жаратқанның берік рақымы (өзгермес сүйіспеншілігі) мені қоршайды, себебі мен Тәңір Иеме сенім артамын» (Забур 31:10).

«Жаратқан Иені мадақтаймын әр уақытта, Оның құдіреті мен мейірімділігі туралы мақтаған жыр ұдайы жүрсін аузымда. Тәңір Иені шын жүректен тұтамын мақтан, байғұс бейшаралар естіп, қуансын соған. Келіндер, бірге Жаратқанды мадақтайықшы, бірігіп Оның есімін марапаттайықшы! Жаратқанға сиындым, Ол жауап берді маған, әрі азат етті мені бар қорқынышымнан. Жаратқанға сиынып көз тіккендер жайнайды, олар шаттанып, еш масқара болмайды. Жарлы болған мен жалбарындым Жаратқанға, Ол естіп, бар пәлемнен құтқарды сонда. Себебі Иені қастерлейтіндерді Оның періштесі қоршап тұрады, ол соларды құтқарады. Жаратқанның ізгілігіне көз жеткіздім, қандай бақытты Оған сенімін жүктегендер!» (Забур 33:1-9).

## 2

### Сіздің болашағыңыз

«Бақытсыздың және еңсесі түскеннің қай күні де қайғыдан [мазасыз ойлардан, жайсыз сезімдерден] арылмас, ал менің жүрегімде қуаныш болғандықтан [еш жағдайға карамастан] тойым тарқамас» (Нақыл сөздер 15:15).

«Әлі бұ дүниеде тірі жүремін, Жаратқан Иенің мейірімін көремін - деп нық сенбесем, [менің өмірім не болар еді?] Мен әрдайым Жаратқанға сенімімді артып, Оны күтудемін; мен қайратты да батылмын, жүрегімді нығайтып, шыдамды боламын. Мен әрқашан Жаратқанға сенімімді артып, Оны күтудемін» (Забур 26:13-14).

«Жаратқан Иенің маған деген ниеті мен жоспарын білемін, Оның маған қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниеті мен жоспары бар» (Еремия 29:11).

«Жан дүнием, неге сен мұңаясың, бойымда алаңдап, неге мазасызсың? Жалғыз Құдайдан үмітімді үзбеймін, Оған берік сенім артамын! Өйткені Құтқарушымды — өзімнің Құдайымды мадақтаймын әлі де» (Забур 41:12).

«Бұл үміт алдамшы қиял емес (менің көңілімізді қалдырмайды), өйткені маған сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті» (Рим. 5:5).

«Себебі Құдай Ие күн мен қалқанға ұқсайды, Жаратқан Ием рақым мен ұлылық сыйлайды және мен тура жолмен жүргендіктен, Ол маған сыйлайтын игіліктерінен мені құр қалдырмайды» (Забур 83:12).

«Менің өмірімде игі ісін бастаған Құдайдың оны жалғастырып, Мәсіх Иса қайта оралар күнге дейін [осы игі ісін] толықтай аяқтайтынына кәміл сенемін» (Філіп. 1:6).

«Құдай мені Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты [қайтадан жаңадан жаратты]; соларды орындауым үшін Құдай маған алдын ала (жоспарлап) жағдай туғызды [игі істерді жасап орындауыма Құдай алдын ала белгілеп қойған жолдармен жүруіме, алдын ала дайындап қойған жақсы өмірмен өмір сүруіме жағдай туғызды] (Ефес.2:10).

«Әрбір ой-ниеттің және әрбір істің сыналып тексерілетін уақыты бар, сондықтан мен Құдайдың құдіретті қолының астына бой ұсынамын, Өзі белгілеген уақыты жеткенде Ол мені жоғарылатпақ» (Уағыздаушы 3:17; 1 Петр 5:6).

«Құдай жоспарлаған барлық хабар белгілі бір уақытта ғана іске асып, орындалатын кезіне мензейді. Ол өтірік болып шықпайды. Орындалуы кейінірек болса да, оны күтемін, күдерімді үзбеймін, себебі ол міндетті түрде іске асып кешеуілдемейді. Шыдамды

боламын! Ол бір күнге де кешікпейді!» (Аббақұқ 2:3).

«Маған ұсынылған осы үміттен күдер үзбей, Одан пана таптым. Бұл үмітім берік зәкір сияқты жанымның сенімді сүйеніші, ол көктегі киелі үйдің ішіндегі «шымылдықтың артында» Құдайдың Өзімен бекітілген» (Евр. 6:18-19).

«Ал Тәңіріміз бізге әсер ететін Өзінің құдіреті арқылы мен [батылым барып] сұрағаннан немесе ойлағаннан [сиынған мінәжатымнан, ой-тілегімнен, күткен үмітімнен немесе арманымнан] әлдеқайда көп нәрселерді істей алады [Өз мақсатын іс жүзіне асыра алады]» (Ефес. 3:20).

«Құдай ниет еткендерінің бәрін өз еркіне сай орындайды; Ол мені Мәсіхпен байланысты Өз халқы болуға [Құдайдың халқы болуға] алдын ала таңдап алған (алдын ала белгілеп қойған) еді. Бұл Құдайдың әуел бастағы жоспарына және мақсатына сәйкес болды» (Ефес. 1:11).

«Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін сақтап, орындай алуым үшін оларды аузымнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын боламын! Сонда ғана мен өркендеп табысты боламын» (Ешуа 1:8).

«Бұл сөз маған өте жақын, ол менің аузымда және жүрегімде. Сондықтан оны орындай аламын» (Заңды қайталау 30:14).

«Менің аузымнан шыққан сөзім де Жаратқан Иенің сөзі сияқты нәтиже берместен [бекерге, нақты іс-әрекетті орындамайынша] өзіме қайта оралмайды. Керісінше, Құдайдың Сөзі Оның еркін [және қажет нәрсесін] толық орындап, көздеген мақсаттарын жүзеге асырады» (Ишая 55:11).

«Мен бетімді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына [Оның сөзіне] айнадай көргендей мұқият көз жіберемін. Осылайша Құдай мені Өзіне ұқсатып өзгертіп келеді, сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын менен көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден – Киелі Рухтан келеді» (2 Қорынт. 3:18).

«Мен бұл күнәкар дүниенің (әлемнің) [маңызы аз, үстіртін дәстүрлі] өмір сүру салтын үлгі етпеймін, қайта, менің ой-тілектерім Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгеруде. Осылай Оның еркін — ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін [мен үшін ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін] мен ажырата білетін боламын» (Рим. 12:2).

«Құдай маған осы құпия хабарда басқа ұлттар үшін қаншама мол жарылқау бар екенін білдірмек болып шешті: Мәсіх жүрегімнен орын алды, сол себептен болашақ ұлылықтан үміттімін» (Колос. 1:27).

«Жаңа нәрселерді жоқтан жарата алатын Құдай Ием сияқты мен де жоқ нәрсені бар нәрседей айта аламын. Мен қара түнектен тамаша нұрына шақырған Тәңірдің қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялауға таңдалған адаммын. Патшаның діни қызметкерімін,



қасиетті ұлт — Құдайдың [Өзі төлемін өтеген] меншікті халқының бірі болдым!» (Рим. 4:17; 1 Петір 2:9).

«Мен – Құдайдың халқымын, әрі Оның ерекше құнды меншігімін. Әке өзінің адал қызмет етіп келген ұлына мейірім көрсеткеніндей, Жаратқан Ием де маған мейірім көрсетеді (Малахи 3:17).

«Пауыл елші сияқты, мен де бұл мақсатқа жеттім деп санамаймын, істеп жүргенім бір-ақ нәрсе [мені бір ғана нәрсе алға жетелейді]: өткен нәрселерді ескермей, алдымдағы бәйгеге қарай жан сала жүгіріп келемін, Құдайдың [көктегі] сыйына — Оның Мәсіх Иса арқылы шақырған көктегі өміріне ие болу үшін көздеген мақсатты қуып жүрмін» (Філіп. 3:13-14).

«Есіме бұрынғыны алмаймын, бұдан былай баяғыны ойламаймын! Енді Құдай жаңаны жасайды, қазір ол жарыққа шыққалы тұр. Мен оны түсінемін, көріп те тұрмын және оған назар аударамын. Жаратқан Ие иен далада мен үшін жол салады, шөл даладан бұлақтар ағызады» (Ишая 43:18-19).

«Мен Құдайдың адамы болғандықтан, Жаратқан Ием Өз еркіне сай қылмыстарымды өшіріп тастайды! Енді қайтып ешқашан да күнәларымды есіне алмайды!» (Ишая 43:25).

«Мен Тәңір Иеге сенім артқандықтан [Оған үміт артып, Оны іздегендіктен] өзгеремін және жаңа күш-қуатты иемденемін, қырандай қанаттарымды жайып [Құдайға қарай] кеңістікке самғай жөнелемін, алайда шаршамаймын, жүре беремін, еш әлсіремеймін және еш болдырмаймын» (Ишая 40:31).

«Мен Тәңірдің Өз сөзінде тұратынына және Өз уәдесін орындай алатынына қалтқысыз сенемін, сол үшін Жаратқан Иенің мен туралы ой-ниетінің іс жүзіне асуына күш саламын» (Рим. 4:21).

### 3

## Мәсіхке деген сенім арқылы сіз ақталдыңыз

«Құдай менің күнәларымды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан мен осы арқылы Тәңір алдында ақталдым [Оның әділдігі маған берілді, Жаратқанның алдында ақталдым, Құдай мені қабылдады және Құдайдың рақымымен Онымен тығыз байланыстамын]» (2 Қорынттық. 5:21).

«Уа, Құдайым, Сенің атың да, Саған арналған мадақтау да жердің төрт бұрышына жайылады, күдіретті қолың әділдік [рақымдылық, шындық] орнатады» (Забур 47:11).

«Иеміз Иса Мәсіхтің [Құтқарушы Патшамыздың] қайта оралатын сол күні еш айыпталмауым үшін Тәңір Ие мені өмірімнің аяғына дейін табанды етпек [маған шыдамдылық, күш-қуат беріп нығайтып, қорғайды; мені айыптағандардың сөздерін

әшкерелеп ақтап алады]» (1 Қорынттық. 1:8).

«(Құдайдың алдында шындықты) әділдікті аңсап зарыққан мен (қуаныштымын, рухани өмірім табысты) бақыттымын (мен Құдайдың рухани баласы ретінде Оның рақымы мен құтқарылуына ие болдым): мен енді толықтай қанағат табатын боламын!» (Матай 5:6).

«Жаратқан Иеге мен артамын барлық уайымымды [ауыртпалықтан арыламын], Ол мені қолдап ойлайды қамымды, мәңгілік құлатпайды әділ жанды (сүрінуіне, жығылуына немесе сәтсіздікке ұшырауына жол бермейді)» (Забур 54:23).

«Киелі жазба мен үшін де жазылған, Жаратқан Иенің ақтап алуы маған да қатысты: мен Иеміз Исаны қайта тірілткен Құдайға деген сенімім арқылы [Оған үміт артқандықтан, Оған сенімді болғандықтан] ақталдым» (Рим. 4:24).

«Сонымен, Иеміз Иса Мәсіхке (Құтқарушыға, Құдай тағайындаған Патшаға) деген сенімім арқылы (Құдайдың алдында) ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татуымын [Құдаймен татуластым және өмірде рақаттана аламын]» (Рим. 5:1).

«Мен Исаға сеніп ақталғандықтан мінсіз өмір сүремін, менің балаларым (бақытты, олар) жарылқауға иемденеді (басқалар оларды қызғанатын болады)» (Нақыл сөзд. 20:7).

«Мен Исаға деген сенімім арқылы ақталғандықтан Жаратқан Ием мені құтқарып алады, пәлеге тап болсам, Ол маған пана болады» Забур (36:39).

«Ал бұдан былай қандай қару-жарақ маған қарсы жасалса да, мені құрта алмайтын болады. Мені айыптағандардың сөздерін әшкерелеп, жоққа шығарамын. Жаратқан Иенің қызметшісі ретінде осы игіліктерді [амандық пен тыныштықты, әділдікті, қауіпсіздік сезімін, жеңісті] иеленетін боламын. Құдай мені Өзі ақтап алады [Құдайдың маған беретін әділдігі немесе ақтайтын дәлелі осы]» (Ишая 54:17).

«Мен Исаға деген сенімім арқылы ақталғандықтан Жаратқан Ие маған назар аударады, Оған жалынған кезде маған құлақ асады. Мен көмек сұраған кезде Құдай маған құлақ салады, күллі қиындықтан мені құтқарып алады... Менің жолымда көп қиындықтар кездеседі, ал Жаратушы Ием бәрінен мені азат етеді... Мен Жаратқан Иенің құлымын, Ол мені құтқарады, мен Оны паналаймын және Оған үміт артамын, сондықтан Ол мені соттамайды немесе кінәламайды» (Забур 33:16, 18, 20, 23).

«Мен әділдікпен берік негізделемін. Жәбір көруден аулақ, тыныштықта тұратын боламын. Мені ештеңе де қорқытпайды, үрей атаулы маған жоламайды» (Ишая 54:14).

«Мен арыстандай батылмын, себебі Исаға сенгендіктен Құдайдың алдында ақталған әділ адаммын» (Нақыл сөзд. 28:1).

«Ол маған жаны ашымайтын, осал жақтарымды, әлсіздігімді, азғырылуымды түсінбейтін діни қызметкер емес, қайта, мен сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ. Ендеше рақымы мол Құдайдың тағына нық сеніммен, батылдықпен,

қорықпай жақындап, өтініштерімді білдіре аламын. Осылай көмекке мұқтаж кездерімде Оның мейірімділігі мен рақымына ие боламын» (Евр. 4:15-16).

«Енді мен Мәсіхтің қаны төгіліп құрбан болғандығы арқылы ақталған соң, Оның арқасында Құдайдың қаһарынан мәңгілік құтқарылатыным да сөзсіз!» (Рим. 5:9).

«Мен бақыттымын (қуаныштымын, табыстымын және мені басқалар қызғанады), себебі мен құдайсыздардан кеңес сұрамаймын [олармен өз жоспарымды бірге келісіп шешпеймін], күнәкарлар жолыменен жүрмеймін, [Құдайды] мазақтаушылармен бірге отырмаймын, қайта Жаратқанның заңына (Оның тәртібі мен қағидаларына) қуанып, күні-түні (үнемі) сол туралы ойланамын (оқып білемін). Мен мерзімінде жемісін беретін, жапырақтары еш кеуіп сембейтін, су жағасында [орналасқан] ағашқа ұқсаймын: не істесем де, табыссыз қалмаймын» (Забур 1:1-3).

«Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін сақтап, орындай алуым үшін оларды аузымнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын боламын! Сонда ғана мен өркендеп табысты боламын» (Ешуа 1:8).

«Жаратқан Иенің есімі — мықты мұнара, мен [Құдай ақтап алған әділ адам ретінде] Құдайға барып бас сауғалаймын, Ол маған қауіпсіз пана болады, мені зұлымдықтан сақтап, маған күш-жігер береді» (Нақыл сөздер 18:10).

«Исаға сенуші мен өмір бойы өркендеймін, ай өшпейінше мен молшылықта, амандық пен тыныштықта боламын» (Забур 71:7).

«Жаратқан Иенің менімен жасаған келісімі (өсиеті) мынадай болды: Ол Өз тәлімін менің жүрегіме дарытты, әрі ақыл-саналарыма (терең ой-саналарыма) «жазып» та қойды». Құдай менің күнәларым мен әділетсіз істерімді бұдан былай есіне алмайтын болады. Ал күнәлар (барлық теріс қылықтар) толық кешірілген жерде енді қайтып оларды өтеп, жоятын құрбандықтың қажеті де жоқ» (Евр. 10:16-18).

«Иса Мәсіхтің Өз қанын төккенінің арқасында енді еш қысылмастан еркін, нық сеніммен (көктегі киелі үйдің ішіндегі) ең қасиетті бөлмеге (яғни Құдайдың алдына) мен кіре аламын. Өйткені Құдайдың алдына баруыма бөгет болған «шымылдықты» Иса Өз денесін құрбан етуімен қақ айырып, мен үшін мәңгілік өмірге жаңа жол ашты» (Евр. 10:19-20).

«Құдай менің күнәларымды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан мен осы арқылы Тәңір алдында ақталдым [Оның әділдігі маған берілді, Жаратқанның алдында ақталдым, Құдай мені қабылдады және Құдайдың рақымымен Онымен тығыз байланыстамын]» (2 Қорынттық. 5:21).

«Өйткені Құдай маған қорқыныш емес (қорқақтық, жүрексіздік, жасықтық, жағымпаздық қорқыныш емес), күш, сүйіспеншілік, ұстамдылық, ақылдылық, өзін-өзін бақылау, тәртіпті дарытатын Киелі Рухын сыйлады» (2 Тимоте 1:7).

«Жаратқанға сиындым, Ол жауап берді маған, әрі азат етті мені барлық қорқынышымнан» (Забур 33:5).

«Мен көңілім қобалжып, қорықпаймын. [Көңілім толқып, абыржуға, ренжуге жол бермеймін, қорқыныш бойымды билемейтін болады, мені қорқытуға ешкімге рұқсат бермеймін, қорқақ та, жасқаншақ та болмаймын]» (Жохан 14:27).

«Қорыққанда Саған артам сенімімді, Құдайға сеніп енді қорықпаймын, берген сөзі үшін Оны мадақтаймын, Құдайға үміт артып, Оған нық сенемін, қорықпаймын, сонда пенде не жасай алады маған?» (Забур 55:4-5).

«Еш қорықпаймын [маған қорқудың қажеті жоқ], Жаратқан Ием маған жар болады, абыржымаймын, үрейім де ұшпайды, себебі Ол менің Құдайым! Мен кез-келген қиындықты жеңу үшін Ол маған қуат беріп көмектеседі, жеңімпаз (адал, әділетті) қолымен сүйемелдейді» (Ишая 41:10).

«Құдай: Мен сені ешқашан [ешқашан, ешқашан] тастап та кетпеймін, [қолдаусыз, көмексіз] жалғыз да қалдырмаймын» деген ғой. Сондықтан да мен: «Жаратқан Ием маған жар, мен қорықпаймын [үрейім ұшып, абыржымаймын] ешбір жайттан, не істей алады адам баласы маған?» деп нық сеніммен батыл айтамын» (Евр. 13:5-6).

«Менің Құдайым, Жаратқан Ием, мені оң қолымнан ұстап сүйемелдейді. Қорықпа, Мен сені қолдап қорғаймын – деп маған Ол берік уәдесін береді» (Ишая 41:13).

«Мен қорықпаймын, барлық жағдайларда Құдай менің игілігім үшін әрекет етеді, себебі мен Құдайды жақсы көремін және Ол мені Өз мақсатына сай таңдап алды (Рим. 8:28).

«Мені жаратып қалыптастырған Тәңір Ием маған мынаны айтады: қорықпа, Мен сені құнды төлеп құтқарып алдым. Сені өз атыңмен шақырдым: сен Мендікің! Терең судан және үлкен қауіп-қатерден өткен кезінде саған жар боламын, қиыншылық өзенінен өткенде батып кетпейсің. Естен тандыратын отты жарып өтсең, күйіп қалмайсың, тіпті жалыны да шарпымайды да. Себебі Мен сенің Құдайың Жаратқан Иеммін, Мен, Исраил сиынған Киелі Құдай, Құтқарушыңмын!» дейді (Ишая 43:1-3).

«Мен енді қорықпаймын, себебі қорқыныш жазаға байланысты. Мен Иса Мәсіхке деген сенімім арқылы көктегі Әкеме (қорқынышсыз) еркін жақындап, сиынуға менің батылым (сенімділігім) жетеді. Сондықтан да мен жігерімді жасытпаймын [батыл боламын, қорқыныштан еңсем түсіп, қайғырмаймын]» (1 Жохан 4:18; Ефес. 3:12-13).

«Құдай — менің панам, әрі күшім [Ол – күдіретті Құдай], қиын кезде сенімді көмекшім. Сол себептен мен уайымдап қорықпаймын, тіпті дүниенің астан-кестені шықса да, таулар

теңіз тұңғығына құласа да, ... Құдай менің биік қорғаным!» (Забур 45:2-3).

«Мен қайратты да, батыл боламын. Еш нәрседен абыржып, қорықпаймын. Қайда барсам да, Құдайым Жаратқан Ием менімен бірге жүріп жар болады» (Ешуа 1:9).

«Мен қорықпаймын, Жаратқан Ием маған үнемі назарын аударады, себебі мен Құдайды терең қастерлеймін [мен Оны құрметтеп, Оның алдында бас иемін], себебі мен Оны күтіп, Оның рақымына, мейірімділігіне үміт артамын (Забур 32:18).

«Сонымен ертеңгі күн туралы (алаңдамаймын) уайымға салынбаймын! Құдай ертеңгі күннің де қам-қарекетін ойлайды. Әр күннің қиыншылығы өзіне жетерлік» (Матай 6:34).

«Мен қорықпаймын, енді қайтып ұятқа қалмаймын, қысылмаймын, мен масқара да болмаймын. Жас кезімдегі ұятқа қалған жайтты ұмытып, жесірлік қасіретімді де есіме алмаймын. Өйткені мені жаратқан Құдай маған жар! Ол мені құтқарып алған Қамқоршым, Өлемнің Иесі және Исраилдің Киелі Құдайы деп те аталады. Бүкіл жер бетінің Құдайы деген атағы да бар» (Ишая 54:4-5).

«Жүрексінген кезімде мен өзіме былай деймін: «Қорықпа, берік бол! Біліп қой, мен сиынатын Құдай жауларымды өздері жасаған қылмыстары үшін жазалауға келеді. Ия, Құдай мені құтқаруға келе жатыр!» (Ишая 35:4).

«Менің жүрегімде қорқыныш жоқ, себебі Құдай Өз ұлылығының байлығына сәйкес Киелі Рухының арқасында жан дүниемді Өзінің құдіретімен нығайта көрсін» (Ефес. 3:16).

«Жаратқанға сиындым, Ол жауап берді маған, әрі азат етті мені барлық қорқынышымнан» (Забурдың 33:5).

«Мен еш нәрседен қорықпаймын, себебі сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ [үрей жоқ]. Шынайы [толық] сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды және қорқыныштың ізін де қалдырмайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты. Қорқатын кісінде сүйіспеншілік мақсатына жеткен емес [шынайы сүйіспеншілік жоқ]» (1 Жохан 4:18).

«Жаратқан Ием – нұрым менің, құтқарушым да, кімнен мен қорқамын солай болғанда? Мені жалмауға зұлымдар таяп қалса, қарсылас жауларым маған бас салса, өздері-ақ сүрініп, жығылады да. Мен қорықпаймын әскер қоршап алса да, үмітім үзілмес ол маған лап қойса да... Құдай мені аман-есен сақтайтынына сенемін» (Забур 26:1-3, 5).

«Мен қорықпаймын, себебі мен мәселені түсінуге ұмтылып, Құдайыма мойынсұнып сиына бастаған алғашқы күні-ақ мінажатым Құдайдың құлағына жетті. Менің мінажатыма бола Ол Өзінің періштесін жіберді» (Даниял 10:12).

«Адамдар мені сотқа..., ел басшыларына және басқа да билік иелеріне апарған кезде қалай жауап беріп, не айтатынымды ойлап уайымға салынбаймын! Не айту керек екенін маған сол сәтте Киелі Рух үйретеді» (Лұқа 12:11-12).

«Жаратқан Ием — менің Бағушым, мен еш нәрседен де тарықпаймын. Ол мені жасыл жайлауға жаяды, тұнық суға жетелеп апарды. Тәңірім жаныма күш дарытады. Есімі «Қасиетті» деп аталады, содан артамын Оған сенімімді: Ол мені тура жолмен жетелейді.

Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен, қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден, себебі Өзің менің қасымдасың, жігер береді таяғың мен сойылың. Сен маған дастарқан жаясың, көз алдында дұшпандарымның, мені құрметпен қарсы аласың, тостағанды толтыра құясың. Жақсылық пен мейірімділік үлесім болады өмірлік, Жаратқан Иенің үйінде мен қала беремін мәңгілік» (Забур 22).

## Қорытынды: Сенімді берік ұстаныңыз

«Мәсіх мені еркін өмір сүрсін деп азат етті. Енді табанды болып, құлдықтың қамытын қайта кимеймін!» (Ғал. 5:1).

«Маған жігер берген нық сенімімнен күдер үзбеймін! Себебі сол үшін берілетін зор сый алдымда күтіп тұр. Құдайдың еркін толық орындап, Оның уәде еткенін иемдену үшін маған өте берік төзімділік, шыдамдылық қажет» (Евр. 10:35-36).

## Тәубеге келу мінәжаты

Егер де сіз Исаны, көк пен жердің Әміршісін, Жаратқан Иені - менің Тәңір Ием, Құтқарушым бола гөр, - деп әлі айтпаған болсаңыз, мен сізге оны қазір айтуыңызды сұраймын. Мынадай мінәжатты шын жүректен айтсаңыз, сонда Мәсіхпен бірге жаңа өмірге ие боласыз:

*Құдай Әке, Сен адамзатты сондай қатты сүйгендіктен,  
Өзіңнің жалғыз рухани Ұлыңды құрбандыққа бердің,  
енді Оған сенуші әркімнің жаны тозаққа түспей,  
мәңгілік өмірге ие болады.*

*Иса Мәсіх – Сенің рухани Ұлың, әлемді Құтқарушы  
екеніне сенемін. Мәсіх менің күнәларымның құнын өтеу үшін  
айқыш ағашта жанын құрбан еткеніне сенемін.  
Құдай Әке, Исаны өлімнен қайта тірілткеніңе  
шын жүректен сенемін.*

*Мен барлық күнәларымды мойындаймын, кешірші мені, Әкетайым.  
Иса менің Жаратқан Ием екенін жариялаймын.  
Сенің Сөзіңе сәйкес мен құтқарылдым және  
Сенімен бірге мәңгілік өмір сүремін!  
Құдай Әке, рахмет!  
Мен Саған өте ризамын!  
Исаның атымен, амин!*

## **Құдай сізді сүйеді! Ол сіздің қамыңызды ойлайды!**

Құдай Сізге көптеген кереметтерді дайындап қойды. Сіз осыған сенесіз бе? Әлде Жаратқан Иенің сізді шексіз, еш нәрсені талап етпестен өте жақсы көретініне күмәнданасыз ба? Мүмкін Сізді ренжіткен немесе қабылдамаған болар, мүмкін Сіз өзіңізді Құдайдың сүйіспеншілігіне лайықты емеспін деп ойлайтын боларсыз. Алайда Құдай сізді сүйеді және сіз Оның сүйіспеншілігін қабылдағаныңызды қалайды.

Бұл кітап Сізге Құдайдың сүйіспеншілігін сезінуге, болашаққа деген сенімге ие болуға, Исаға деген сенім арқылы Құдайдың алдында ақталғаныңызды жете түсінуге, қорқынышты жеңуге көмектеседі. Сондай-ақ Құдай және Оның сөзі сіз туралы, сіздің өміріңіз жайлы не айтатынын оқып білесіз. Құдайға және Оның сөзіне сеніңіз, сонда сіздің өміріңіз танымастай өзгереді.

Құдайдың Сөзі – тірі, ол сіздің өміріңізге әсер етіп, жан-дүниенізді рухани молшылыққа кенелтіп, өміріңізді мән-мағыналы етуге әрқашан да дайын. Құдай Сіздің жаралы жүрегіңізді сауықтырып, жақсылыққа үміт сыйлағысы келеді.

# Құдай сізді сүйеді! Ол сіздің қамыңызды ойлайды!



Құдай Сізге көптеген кереметтерді дайындап қойды. Сіз осыған сенесіз бе? Әлде Жаратқан Иенің сізді шексіз, еш нәрсені талап етпестен өте жақсы көретініне күмәнданасыз ба? Мүмкін Сізді ренжіткен немесе қабылдамаған болар, мүмкін Сіз өзіңізді Құдайдың сүйіспеншілігіне лайықты емеспін деп ойлайтын боларсыз. Алайда Құдай сізді сүйеді және сіз Оның сүйіспеншілігін қабылдағаныңызды қалайды. Бұл кітап Сізге Құдайдың сүйіспеншілігін сезінуге, болашаққа деген сенімге ие болуға, Исаға деген сенім арқылы Құдайдың алдында ақталғаныңызды жете түсінуге, қорқынышты жеңуге көмектеседі. Сондай-ақ Құдай және Оның сөзі сіз туралы, сіздің өміріңіз жайлы не айтатынын оқып білесіз. Құдайға және Оның сөзіне сеніңіз, сонда сіздің өміріңіз танымастай өзгереді. Құдайдың Сөзі – тірі, ол сіздің өміріңізге әсер етіп, жан-дүниеніңізді рухани молшылыққа кенелтіп, өміріңізді мән-мағыналы етуге әрқашан да дайын. Құдай Сіздің жаралы жүрегіңізді сауықтырып, жақсылыққа үміт сыйлағысы келеді.